

Қазақстан Республикасының Патент Заңы

Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 16 шілдедегі N 427 Заңы.

Қазақстан Республикасының Патент Заңы
МАЗМҰНЫ

1-тарау. Жалпы ережелер

1-бап. Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар

Осы Заңда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

- 1) айрықша құқық - өнеркәсіптік меншік объектісін өз қалауы бойынша кез келген әдіспен пайдалануға патент иеленушінің мүліктік құқығы;
- 2) бюллетень - өнеркәсіптік меншік объектілерін қорғау мәселелері жөніндегі ресми мерзімдік басылым;
 - 2-1) еуразиялық өтінім – 1994 жылғы 9 қыркүйектегі Еуразиялық патент конвенциясына сәйкес берілген өтінім;
 - 2-2) еуразиялық патент – 1994 жылғы 9 қыркүйектегі Еуразиялық патент конвенциясына сәйкес берілген патент;
- 3) зияткерлік меншік объектілері - зияткерлік қызмет нәтижелері және азаматтық айналымға қатысушыларды, тауарларды, жұмыстарды және қызмет көрсетулерді дараландыру құралдары;
- 4) қорғау құжаттары – өнертабыстарға, өнеркәсіптік үлгілерге және пайдалы модельдерге осы Заңға сәйкес берілген патенттер;
- 5) алып тасталды - ҚР 07.04.2015 № 300-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);
- 6) лицензиялық шарт - патент иеленуші (лицензиар) басқа тарапқа (лицензиатқа) өнеркәсіптік меншік объектісін белгілі бір түрде уақытша пайдалану құқығын беру шарты;
- 7) өнеркәсіптік меншік объектілері - өнертабыстар, пайдалы модельдер және өнеркәсіптік үлгілер;
 - 7-1) өнеркәсіптік меншіктің қызметтік объектілері – қызметкер өзінің қызметтік міндеттерін немесе жұмыс берушінің нақты тапсырмасын орындау кезінде жасаған өнертабыстар, пайдалы модельдер, өнеркәсіптік үлгілер;
- 8) Париж конвенциясы - кейінгі өзгерістерімен және толықтыруларымен бірге 1883 жылғы 20 наурыздағы өнеркәсіптік меншікті қорғау жөніндегі Париж конвенциясы;
- 9) патент иеленуші - қорғау құжатының иесі;

10) патентке қабілеттілік шарттары - өнеркәсіптік меншік объектілеріне құқықтық қорғауды берудің осы Заңда көзделген шарттары;

11) патенттелген өнеркәсіптік меншік объектілері - қорғау құжаттары берілген өнеркәсіптік меншік объектілері;

12) патенттік сенім білдірілген өкілдер - жеке және заңды тұлғалардың уәкілетті орган мен сараптама жасау ұйымы алдындағы өкілдігіне Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құқық берілген Қазақстан Республикасының азаматтары;

13) халықаралық өтінім – 1970 жылғы 19 маусымдағы Патенттік кооперация туралы шартқа сәйкес берілген өтінім.

Ескерту. 1-бап жаңа редакцияда - ҚР 2007.03.02. N 237 Заңымен; өзгерістер енгізілді - ҚР 2012.07.10 N 34-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі); 07.04.2015 № 300-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

2-бап. Патент заңы реттейтін қатынастар

1. Осы Заңмен өнеркәсіптік меншік объектілерін жасауға, құқықтық қорғау мен пайдалануға байланысты мүліктік, сондай-ақ оларға байланысты жеке мүліктік емес қатынастар реттеледі.

2. Интеллектуалдық меншіктің өзге объектілерін (селекциялық жетістіктер, интегралдық микротәсім топологиялары, тауар таңбалары, қызмет көрсету таңбалары, тауар шығарылатын жерлердің атаулары және басқалар) қорғау өзге заң актілерімен реттеледі.

3-бап. Осы Заңның қолданылу аясы

1. Осы Заңның ережелері қорғау құжаттарын уәкілетті орган берген өнеркәсіптік меншік объектілеріне, сондай-ақ Қазақстан Республикасы қатысатын халықаралық шарттар негізінде патенттер берілген өнеркәсіптік меншік объектілеріне қолданылады.

2. Егер Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шартта осы Заңдағыдан өзгеше ережелер белгіленсе, халықаралық шарттың ережелері қолданылады.

Ескерту. 3-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2004.07.09. N 586 Заңымен.

4-бап. Өнертабыстарды, пайдалы модельдерді және өнеркәсіптік үлгілерді қорғау саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган

1. Өнертабыстарды, пайдалы модельдерді және өнеркәсіптік үлгілерді қорғау саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган (бұдан әрі - уәкілетті орган) - Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын және өнертабыстарды, пайдалы модельдерді, өнеркәсіптік үлгілерді қорғау саласындағы мемлекеттік реттеуді жүзеге асыратын мемлекеттік орган.

2. Уәкілетті органның құзыретіне мыналар жатады:

1) өнеркәсіптік меншік объектілерін құқықтық қорғау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыруға қатысу;

2) мыналарды:

өнеркәсіптік меншік объектілеріне арналған өтінімдерге сараптама жүргізу қағидаларын;

өнеркәсіптік меншік объектілерін Өнертабыстардың мемлекеттік тізілімінде, Пайдалы модельдердің мемлекеттік тізілімінде, Өнеркәсіптік үлгілердің мемлекеттік тізілімінде тіркеу және қорғау құжаттары мен олардың телнұсқаларын беру, патенттерді жарамсыз деп тану және олардың қолданысын мерзімінен бұрын тоқтату қағидаларын;

өнеркәсіптік меншік объектісіне айрықша құқық беруді, оны пайдалануға, ашық немесе мәжбүрлі лицензияға құқықты табыстауды тиісті мемлекеттік тізілімдерде тіркеу қағидаларын;

тиісті мемлекеттік тізілімдерден үзінді көшірмелер беру қағидаларын;

апелляциялық кеңестің қарсылықтарды қарау қағидаларын;

Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарға сәйкес өнеркәсіптік меншік объектілеріне арналған өтінімдерді қарау қағидаларын;

аттестаттау комиссиясы туралы ережені;

апелляциялық кеңес туралы ережені;

апелляциялық комиссия туралы ережені әзірлеу және бекіту;

3) өнеркәсіптік меншік объектілерін тіркеуге жататын мәліметтерді бюллетеньде жариялау тәртібін айқындау;

4) патенттік сенім білдірілген өкілдерге кандидаттарды аттестаттаудан өткізу және оларды патенттік сенім білдірілген өкілдердің тізілімінде тіркеу;

5) аттестаттау комиссиясының, апелляциялық кеңестің және апелляциялық комиссияның қызметін ұйымдастыру;

6) осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыру.

Ескерту. 4-бап жаңа редакцияда - ҚР 2004.07.09 N 586, өзгерістер енгізілді - 2011.07.05 N 452-IV (2011.10.13 бастап қолданысқа енгізіледі); 20.06.2018 № 161-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

4-1-бап. Сараптама ұйымы

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорынның ұйымдық-құқықтық нысанында құрылған, өз қызметінде уәкілетті органға ведомстволық бағынысты сараптама ұйымы:

1) өнеркәсіптік меншік объектілеріне арналған өтінімдерге сараптама жүргізеді;

2) өнеркәсіптік меншік объектілерін тиісті мемлекеттік тізілімдерде тіркейді және қорғау құжаттары мен олардың телнұсқаларын береді, патенттерді жарамсыз деп таниды және олардың қолданысын мерзімінен бұрын тоқтатады;

3) өнеркәсіптік меншік объектісіне айрықша құқық беруді, оны пайдалануға, ашық немесе мәжбүрлі лицензияға құқықты табыстауды тиісті мемлекеттік тізілімдерде тіркейді;

4) тиісті мемлекеттік тізілімдерді, бюллетеньді жүргізеді және оларды өзінің интернет-ресурсына орналастырады;

5) тиісті мемлекеттік тізілімдерден үзінді көшірмелер береді;

6) өнеркәсіптік меншік объектілерін тіркеуге жататын мәліметті бюллетеньде жариялайды;

7) тіркелген өнеркәсіптік меншік объектілері туралы мәліметтерді мүдделі тұлғалардың өтініштері негізінде іздеуді жүзеге асырады;

8) Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарға сәйкес өнеркәсіптік меншік объектілеріне арналған өтінімдерді қарайды;

9) Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де қызмет түрлерін жүзеге асырады.

2. Уәкілетті органмен келісу бойынша сараптама ұйымы өнеркәсіптік меншік объектілерін қорғау саласында қызметтер көрсеткені үшін осы ұйым шеккен шығындарды толық өтеу, оның қызметінің шығынсыздығы және өз кірістері есебінен қаржыландыру қамтамасыз етілген жағдайда, көрсетілетін қызметтердің бағаларын бекітеді.

Ескерту. 1-тарау 4-1-бапмен толықтырылды - ҚР 2004.07.09 N 586 Заңымен; жаңа редакцияда - ҚР 20.06.2018 № 161-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

5-бап. Өнеркәсіптік меншік объектілерін құқықтық қорғау

1. Өнертабысқа, пайдалы модельге және өнеркәсіптік үлгіге құқықтар патентпен қорғалады.

2. Пайдалы модельге патент пайдалы модельге патент беруге өтінімге жүргізілген сараптаманың нәтижесі бойынша беріледі.

Өнертабысқа және өнеркәсіптік үлгіге патент өтінімге ресми сараптама және мәні бойынша сараптама жүргізілгеннен кейін беріледі.

Патент өнеркәсіптік меншік объектісіне басымдықты, авторлықты және айрықша құқықты куәландырады.

3. Өнертабысқа патент өтінім берілген күннен бастап жиырма жыл бойы қолданылады.

Қолданылуы үшін Қазақстан Республикасының рұқсаттар және хабарламалар туралы заңнамасында белгіленген тәртіппен рұқсаттар алу талап етілетін дәрілік затқа, пестицидке жататын өнертабысқа қатысты айрықша құқықтың және осы құқықты

қуәландыратын патенттің қолданылу мерзімі патент иеленушінің өтінішхаты бойынша, бірақ бес жылдан аспайтындай етіп ұзартылуы мүмкін.

Көрсетілген мерзім бес жыл шегеріле отырып, өнертабысқа патент беруге өтінім берілген күннен бастап өнертабысты қолдануға алғаш рұқсат алынған күнге дейінгі өткен уақытқа ұзартылады.

Пайдалы модельге патент өтінім берілген күннен бастап бес жыл бойы қолданылады. Оның қолданылу мерзімі патент иеленушінің өтінішхаты бойынша, бірақ үш жылдан аспайтындай етіп ұзартылуы мүмкін.

Өнеркәсіптік үлгіге патент өтінім берілген күннен бастап он бес жыл бойы қолданылады. Оның қолданылу мерзімі патент иеленушінің өтінішхаты бойынша, бірақ бес жылдан аспайтындай етіп ұзартылуы мүмкін.

4. Өнертабыс пен пайдалы модельге патентпен берілетін құқықтық қорғау көлемі – олардың формуласымен, ал өнеркәсіптік үлгіге патентпен берілетін құқықтық қорғау көлемі бұйымның сыртқы түрінің кескіндерінде көрсетілген оның елеулі белгілерінің жиынтығымен айқындалады. Өнертабыстың, пайдалы модельдің формуласына түсінік беру үшін сипаттама мен сызбалар пайдаланылуы мүмкін.

Өнімдер алу әдісіне берілген қорғау құжатының күші тікелей осы әдіспен алынған өнімге де қолданылады.

Егер өзгеше дәлелденбесе, бұл орайда жаңа өнім қорғау әдісімен алынған болып есептеледі.

5. Қорғау құжатын алу құқығы, өтінімді тіркеуден туындайтын құқықтар, қорғау құжатын иелену құқығы және қорғау құжатынан туындайтын құқықтар тұтас немесе ішінара басқа адамға берілуі мүмкін.

6. Мемлекет құпия деп таныған өнеркәсіптік меншік объектілеріне осы Заңға сәйкес құқықтық қорғау берілмейді. Өнеркәсіптік меншіктің құпия объектілерін пайдалану тәртібін уәкілетті орган айқындайды.

Ескерту. 5-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2004.07.09 N 586, 2007.03.02 N 237, 2012.01.12 № 537-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.09.2014 N 239-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 07.04.2015 № 300-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 20.06.2018 № 161-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 28.10.2019 № 268-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.

2-тарау. Өнеркәсіптік меншік объектілерінің патентке қабілеттілігінің талаптары

6-бап. Өнертабыстың патентке қабілеттілігінің талаптары

1. Егер жаңа, өнертабыстық деңгейге жеткен әрі өнеркәсіпте қолдануға жарамды болса, өнертабысқа құқықтық қорғау берілуді.

Егер ол техника деңгейі туралы мәліметтерде белгісіз болса, өнертабыс жана болып табылады.

Егер маман үшін ол техника деңгейі туралы мәліметтерден айқын кездеспейтін болса, өнертабыс өнертабыстық деңгейде болады.

Техника деңгейі туралы мәліметтер өнертабыс басымдық алған күнге дейін дүние жүзінде жалпы жұртқа мәлім болған кез келген мәліметтерді қамтиды.

Өнертабыстың жаңалығын анықтаған кезде техникалық деңгейі туралы мәліметтерге бұрынырақтағы басымдықтары болған жағдайларда өнертабыстар мен пайдалы модельдерге (қайтып алынғандардан басқасы) Қазақстан Республикасында берілген өтінімдер және Қазақстан Республикасында патенттелген өнертабыстар мен пайдалы модельдер кіреді.

Егер өнеркәсіпте, ауыл шаруашылығында, денсаулық сақтауда және қызметтің басқа да салаларында пайдалануға болса, өнертабыс өнеркәсіпте қолдануға жарамды деп табылады.

2. Өнімге (құрылғыға, затқа, микроорганизмнің штаммына, өсімдіктер немесе хайуанаттар клеткаларының көбеюіне), әдіске (материалдық объектімен іс-әрекетті материалдық құралдардың көмегімен жүзеге асыру процесіне), сондай-ақ белгілі өнімді немесе әдісті жаңа мақсатта немесе жаңа өнімді белгілі бір мақсатта қолдануға жататын кез келген саладағы техникалық шешімдер өнертабыс ретінде қорғалады.

3. Мыналар:

- 1) жаңалықтар, ғылыми теориялар және математикалық әдістер;
- 2) шаруашылықты ұйымдастыру және басқару әдістері;
- 3) шартты белгілер, кестелер, ережелер;
- 4) ақыл-ой операцияларын орындау, ойындарды жүргізу ережелері мен әдістері;
- 5) есептегіш машиналарға арналған бағдарламалар мен алгоритмдердің өзі;
- 6) ғимараттар, үйлер, аумақтар жоспарларының жобалары мен тәсілдері;
- 7) бұйымдардың тек сыртқы түріне қатысты ұсыныстар;
- 8) қоғамдық тәртіпке, ізгілік пен мораль қағидаттарына қайшы келетін ұсыныстар өнертабыстар деп танылмайды.

4. Париж конвенциясына қатысушы мемлекет аумағында ұйымдастырылған, ресми немесе ресми деп танылған халықаралық көрмеде өнертабыстың экспонат ретінде көрсетілуін қоса алғанда, өнертабысқа қатысты ақпаратты арыз берушінің (автордың) немесе одан бұл ақпаратты тікелей немесе жанама түрде алған кез келген адамның көпшілікке жария етуі, өнертабысқа өтінім ол ашылған немесе көрмеге қойылған

күннен бастап алты айдан кешіктірмей берілген болса өнертабыстың патентке қабілеттілігіне әсер ететін мән-жай деп танылмайды. Бұл орайда осы фактіні дәлелдеу міндеті арыз берушіге жүктеледі.

Ескерту. 6-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2007.03.02 N 237, 2012.01.12 № 537-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

7-бап. Пайдалы модельдің патентке қабілеттілік талаптары

1. Адамдарды немесе жануарларды емдеудің диагностикалық, терапиялық және хирургиялық тәсілдерін қоспағанда, өнімге (құрылғыға, затқа, микроорганизмнің штаммына, өсімдіктер немесе жануарлар жасушаларының көбеюіне), тәсілге (материалдық объектіге қатысты әрекеттерді материалдық құралдардың көмегімен жүзеге асыру процесіне), сондай-ақ белгілі өнімді немесе тәсілді жаңа мақсат бойынша не жаңа өнімді белгілі бір мақсат бойынша қолдануға жататын, кез келген саладағы техникалық шешімдер пайдалы модельге жатады.

Егер жаңа және өнеркәсіпте қолдануға болса, пайдалы модельге құқықтық қорғау беріледі.

Егер елеулі белгілерінің жиынтығы техника деңгейі туралы мәліметтерден белгісіз болса, пайдалы модель жаңа болып табылады.

Техника деңгейі туралы мәліметтер пайдалы модельге басымдық берілген күнге дейін жұртқа мәлім болған, арыз беріліп отырған пайдалы модель мақсаттас құралдар туралы дүние жүзінде жарияланған мәліметтерді, олардың Қазақстан Республикасында қолданылуы, сондай-ақ олардың неғұрлым бұрынырақта басымдығы болған жағдайларда Қазақстан Республикасында пайдалы модельдерге және өнертабыстарға (қайтарып алынғаннан басқа) берілген өтінімдер және Қазақстан Республикасында патенттелген пайдалы модельдер мен осы бағыттағы өнертабыстар туралы мәліметтерді қамтиды.

Егер іс жүзінде пайдалануға жарайтын болса, пайдалы модель өнеркәсіпте қолдануға жарамды болып табылады.

2. Париж конвенциясына қатысушы мемлекет аумағында ұйымдастырылған, ресми немесе ресми деп танылған халықаралық көрмеде пайдалы модельдің экспонат ретінде көрсетілуін қоса алғанда, пайдалы модельге қатысты ақпаратты арыз берушінің (автордың) немесе одан бұл ақпаратты тікелей немесе жанама түрде алған кез келген адамның көпшілікке жария етуі пайдалы модельге өтінім ақпарат жария болған күннен бастап алты айдан кешіктірмей берілген болса пайдалы модельдің жаңалығына әсер ететін мән-жай деп танылмайды. Бұл орайда осы фактіні дәлелдеу міндеті арыз берушіге жүктеледі.

3. Осы Заңның 6-бабының 3-тармағында аталған объектілерге қатысты шешімдер пайдалы модельдер ретінде қорғалмайды.

Ескерту. 7-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 07.04.2015 № 300-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

8-бап. Өнеркәсіптік үлгінің патентке қабілеттілік талаптары

1. Бұйымның сыртқы түрін айқындайтын өнеркәсіптік немесе қолөнер кәсібі өндірісі бұйымының көркем-конструкторлық шешімі өнеркәсіптік үлгіге жатады. Өнеркәсіптік үлгіге, егер ол жаңа, бірегей болып табылса, құқықтық қорғау беріледі. Өнеркәсіптік үлгі, егер бұйымның бейнелерінде көрініс тапқан оның маңызды белгілерінің жиынтығы өнеркәсіптік үлгіге басымдық берілген күнге дейін әлемде жалпы жұртқа қолжетімді болған мәліметтерден белгілі болмаса, жаңа болып табылады. Өнеркәсіптік үлгінің жаңалығын белгілеу кезінде Қазақстан Республикасында басқа тұлғалар бірдей өнеркәсіптік үлгілерге бұрын берген, кері қайтарып алынбаған өтінімдер, сондай-ақ Қазақстан Республикасында патенттелген өнеркәсіптік үлгілер (оларға басымдық берілген күннен бастап) ескеріледі. Өнеркәсіптік үлгі, егер оның маңызды белгілері бұйым ерекшеліктерінің шығармашылық сипатын айқындаса, бірегей деп танылады.

2. Мынадай шешімдер:

1) бұйымдардың тек қана техникалық міндеттеріне негізделсе;

2) сәулет объектілерінің (шағын сәулет нысандарын қоспағанда), өнеркәсіптік, гидротехникалық және басқа да тұрақты ғимараттардың;

3) алып тасталды - ҚР 2012.01.12 № 537-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

4) сұйық, газ түріндегі, сусыма немесе сол сияқты заттардан тұратын тұрақсыз нысандағы объектілердің;

5) қоғамдық мүдделерге, адамгершілік пен мораль принциптеріне қайшы келетін бұйымдардың шешімдері өнеркәсіптік үлгілер болып танылмайды.

Париж конвенциясына қатысушы мемлекеттер аумағында ұйымдастырылған, ресми немесе ресми деп танылған халықаралық көрмеде өнеркәсіптік үлгінің экспонат ретінде көрсетілуін қоса алғанда, өнеркәсіптік үлгіге қатысты ақпаратты арыз берушінің (автордың) немесе осы ақпаратты алған кез келген адамның көпшілікке жария етуі өнеркәсіптік үлгіге өтінім ол ашылған немесе көрмеге қойылған күннен бастап алты айдан кешіктірмей берілген болса, өнеркәсіптік үлгінің патентке қабілеттілігіне әсер ететін мән-жай деп танылмайды. Бұл орайда осы фактіні дәлелдеу міндеті арыз берушіге жүктеледі.

Ескерту. 8-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2012.01.12 № 537-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 07.04.2015 № 300-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 20.06.2018 № 161-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

3-тарау. Авторлар мен патент иеленушілер

9-бап. Өнеркәсіптік меншік объектісінің авторы

1. Өнеркәсіптік меншік объектісін шығармашылық еңбегімен жасаған жеке адам оның авторы деп танылады.

2. Егер өнеркәсіптік меншік объектісін жасауға бірнеше жеке адам қатысса, олардың бәрі оның авторы (қосалқы авторы) болып есептеледі.

Қосалқы авторлардың тиесілі құқықтарды пайдалану тәртібі олардың арасындағы келісіммен белгіленеді.

Өнеркәсіптік меншік объектісін жасауға өзінің шығармашылық үлесін қоспаған, авторға тек техникалық, ұйымдық немесе материалдық көмек көрсеткен, не оған құқықты ресімдеуге және оны пайдалануға ғана жәрдемдескен жеке адам автор деп танылмайды.

3. Авторлық құқық айыруға болмайтын жеке құқық болып табылады және мерзімсіз қорғалады.

4. Алып тасталды - ҚР 07.04.2015 № 300-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

5. Қазақстан Республикасындағы өнертапқыштық қызметті насихаттау және ол туралы хабардар болуды арттыруды қолдау мақсатында уәкілетті орган ғылым, индустриялық-инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау саласындағы уәкілетті органдармен және басқа да мүдделі органдармен бірлесіп, әлеуметтік және экономикалық маңызы бар, бәсекеге қабілетті, экологиялық қауіпсіз өнертабыстарды іріктеу бойынша жыл сайынғы "Шапағат" конкурсын өткізу, сондай-ақ неғұрлым маңызды және кеңінен пайдаланылатын өнертабыстардың авторлары үшін "Еңбек сіңірген өнертапқыш" атағын беру тәртібін әзірлейді және айқындайды.

Ескерту. 9-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2012.01.12 № 537-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.09.2014 N 239-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 07.04.2015 № 300-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 20.06.2018 № 161-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

10-бап. Патент иеленуші

1. Қорғау құжаты:

1) өнеркәсіптік меншік объектісінің авторына (авторларына);

2) осы баптың 2-тармағында көзделген жағдайларда жұмыс берушіге;

3) құқықтық мирасқорға (құқықтық мирасқорларға), оның ішінде басқаға беру тәртібімен тиісті құқықты алған адамға (адамдарға);

4) бір-бірімен келісімдері болған жағдайда осы тармақта көзделген адамдарға бірге беріледі.

2. Егер жұмыс беруші мен қызметкер арасындағы шартта өзгеше көзделмесе, өнеркәсіптік меншіктің қызметтік объектілеріне қорғау құжаттарының құқықтары жұмыс берушіге тиесілі болады.

3. Егер автор мен жұмыс беруші арасындағы шартта өзгеше көзделмесе, автор өзінің қызметтік міндеттерін немесе жұмыс берушінің нақты тапсырмасын орындаумен байланысты емес, бірақ жұмыс берушінің ақпаратын, сондай-ақ техникалық немесе өзге де материалдық құралдарын пайдалана отырып жасаған өнертабысқа, пайдалы модельге немесе өнеркәсіптік үлгіге қорғау құжатын алу құқығы авторға тиесілі болады.

Егер өнеркәсіптік меншіктің қызметтік объектісі құрамына осы жұмыс берушінің қызметкері болып табылмайтын адам кіретін бірнеше адамның бірлескен шығармашылық еңбегімен жасалса, мұндай адамның осы өнеркәсіптік меншіктің қызметтік объектісіне қатысты құқықтары оның аталған жұмыс берушімен және басқа да авторлармен жасасатын шартында анықталады.

Егер өнеркәсіптік меншіктің қызметтік объектілерін шарт негізінде бірнеше жұмыс берушінің жұмысты бірлесіп орындауы нәтижесінде авторлар жасаса, осы жұмыс берушілердің өнеркәсіптік меншіктің қызметтік объектілеріне құқықтары олардың арасындағы шартпен анықталады.

4. Өнеркәсіптік меншіктің қызметтік объектісі жасалған жағдайда, автор өнеркәсіптік меншіктің қызметтік объектісін жасау фактісі анықталған күннен бастап бір ай ішінде жұмыс берушіні жазбаша түрде хабардар етеді.

Хабарламаға автор (авторлар) қол қояды және онда:

1) автордың тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда) және атқаратын қызметі көрсетілуге;

2) өнеркәсіптік меншіктің қызметтік объектісінің атауы;

3) оның жасалу жағдайы мен орны, болжалды қолданылу саласы;

4) жұмыс берушінің қызметіндегі өнеркәсіптік меншік объектісінің мәнін ашуға, санатын айқындауға және жарамдылығын бағалау үшін жеткілікті түрде толық жасалған сипаттама қамтылуға тиіс.

Жұмыс беруші автор (авторлар) берген өнеркәсіптік меншіктің қызметтік объектісінің жасалғаны туралы хабарламаны оны берген күні қабылдауға және тіркеуге міндетті, бұл жөнінде авторға (авторларға) жазбаша нысанда хабарланады.

Егер сипаттама және өтінімді ресімдеуге қажетті өзге де мәліметтер толық болмаса, онда жұмыс берушінің қызметкерден өнеркәсіптік меншіктің қызметтік объектісі туралы қосымша материалдарды сұратуға құқығы бар, ол қосымша материалдарды

сауал алған күннен бастап бір ай ішінде ұсынады. Мұндай жағдайда осы баптың 7-тармағында көрсетілген мерзімінің өту барысы тоқтатыла тұрады және сұратылған мәліметтер алынғаннан бастап қайта қалпына келтіріледі.

5. Егер қызметкер қорғау құжатын алуға құқылы жұмыс берушіні өнеркәсіптік меншіктің қызметтік объектісінің жасалғандығы туралы хабардар етпесе, онда осы баптың 7-тармағында көрсетілген мерзім жұмыс берушіге оның жасалғаны туралы белгілі болған күннен басталады.

Егер өнеркәсіптік меншіктің қызметтік объектісінің жасалу фактісін жұмыс беруші анықтаса, онда ол бұл жөнінде авторды жазбаша нысанда хабардар етуге міндетті. Бұл ретте, егер өнеркәсіптік меншіктің қызметтік объектісіне қорғау құжатын алу құқығы жұмыс берушіге тиесілі болса, жұмыс беруші авторды өзінің тиісті өтінімді ресімдеуді бастағаны туралы хабардар етуге тиіс, ал автор жұмыс берушінің талап етуі бойынша өнеркәсіптік меншіктің қызметтік объектісіне өтінімді ресімдеу үшін қажетті қосымша ақпаратты және барлық авторлардың тізімін жазбаша нысанда ұсынуға тиіс.

6. Жұмыс беруші өнеркәсіптік меншіктің қызметтік объектісіне қорғау құжатын алудан оларды беруге өтінім бергеннен кейін не қорғау құжатын күшінде ұстап тұрудан бас тартқан жағдайда, бұл жөнінде авторды уақтылы жазбаша нысанда хабардар етуге және авторға қорғау құжатын алу құқығын не алынған қорғау құжатын өтеусіз беруге міндетті.

7. Егер жұмыс беруші өзін автор хабардар еткен күннен бастап төрт ай ішінде өнеркәсіптік меншіктің қызметтік объектісіне қорғау құжатын беруге өтінім бермесе, қорғау құжаттарын алу құқығын басқа тұлғаға бермесе және тиісті объектіні құпия сақтау туралы авторға хабарламаса, онда қорғау құжатын алу құқығы авторға көшеді. Бұл жағдайда жұмыс берушінің тиісті өнеркәсіптік меншік объектісін патент иеленушімен шарт бойынша өз өндірісінде пайдалануға басым құқығы бар.

8. Тараптардың ешқайсысының бұл жөнінде екінші тарапты хабардар етпей, өнеркәсіптік меншіктің қызметтік объектісіне қатысты өз құқықтарын қамтамасыз ету үшін сараптама ұйымына қорғау құжатын алуға өтінім беруге құқығы жоқ.

9. Авторға қызметтік өнертабыс, пайдалы модель, өнеркәсіптік үлгі үшін сыйақы төлеу мөлшері, шарттары және тәртібі автор мен жұмыс беруші арасындағы келісімде айқындалады. Егер автор мен жұмыс берушінің қызметтік өнертабыстарды, пайдалы модельді немесе өнеркәсіптік үлгіні жасаудағы үлесін мөлшерлеу мүмкін болмаса, авторға сыйақы төлеу мөлшері, шарттары және тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде айқындалады.

Ескерту. 10-бап жаңа редакцияда - ҚР-ның 2009.07.10. N 179-IV Заңымен; өзгерістер енгізілді - ҚР 07.04.2015 № 300-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 31.10.2015 № 382-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.

4-тарау. Өнеркәсіптік меншік объектісін пайдалануға ерекше құқық

11-бап. Өнеркәсіптік меншік объектісін пайдалануға айрықша құқық және мәжбүрлі ерекше емес лицензияны беру шарттары

Ескерту. 11-баптың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР 20.06.2018 № 161-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

1. Патент иеленушінің қорғалатын өнеркәсіптік меншік объектісін өз қалауы бойынша пайдалануға айрықша құқығы болады.

Патент иеленуші қорғалатын өнеркәсіптік меншік объектілерін пайдалануға айрықша құқықты қорғау құжатын беру туралы мәліметтер ресми бюллетеньде жарияланған күннен бастап осы қорғау құжатының қолданылу кезеңінде жүзеге асырады.

2. Қорғалатын өнеркәсіптік меншік объектісі бар өнімді дайындау, қолдану, жеткізу, сатуға ұсыну, сату, азаматтық айналымға өзге де енгізу немесе осы мақсатпен сақтау, сондай-ақ қорғау әдісін қолдану өнеркәсіптік меншік объектісін пайдалану болып танылады.

Егер өнімде оны пайдалану басталған күніне техниканың осы саласындағы белгілі формуланың тәуелсіз тармағында келтірілген өнертабыстардың, пайдалы модельдердің әрбір белгісі немесе соған барабар белгі болып, ол қорғалатын әдіс пайдаланылса, өнім қорғалатын өнертабысы немесе пайдалы моделі бар деп танылады, ал қорғалатын әдіс қолдануға болады деп табылады.

Тікелей осындай әдіспен дайындалған өнімді азаматтық айналымға енгізу не осы мақсатпен сақтау өнім алудың қорғалатын әдісін пайдалану деп танылады.

Егер өнімде сыртқы түрдің кескіндерінде көрсетілген оның барлық негізгі белгілері болса, ол қорғалатын өнеркәсіптік үлгісі бар деп танылады.

3. Патент иеленуші өнеркәсіптік меншік объектісін пайдалануға міндетті.

Қорғау құжаты бірнеше адамға тиесілі өнеркәсіптік меншік объектісін пайдалану жөніндегі өзара қатынастар олардың арасындағы келісіммен айқындалады. Ондай келісім болмаған жағдайда патент иеленушілердің әрқайсысы қорғалатын объектіні өз қалауынша пайдалана алады, бірақ өзге патент иеленушілердің келісімінсіз оған лицензия беруге немесе қорғау құжатын басқа адамға беруге құқығы жоқ.

Патент иеленуші қолданылатын өнеркәсіптік меншік объектісінің патенттелгенін көрсететін ескерту таңбаларын пайдалана алады.

4. Патент иеленуші өнеркәсіптік меншік объектісін пайдаланбаған және ол тиімді коммерциялық жағдайларда лицензиялық шарт жасасудан бас тартқан кезде, егер өнеркәсіптік меншік объектісіне қорғау құжатын беру туралы мәліметтер алғашқы

жарияланғаннан кейін өнеркәсіптік меншік объектісі осындай өтініш берілген күннің алдындағы кез келген үш жыл ішінде үздіксіз пайдаланылмаған болса, сұрау салынған күннен бастап күнтізбелік тоқсан күн ішінде кез келген адам өзіне мәжбүрлі ерекше емес лицензияны алып беру туралы өтінішпен сотқа жүгінуге құқылы. Егер патент иеленуші пайдаланбауының құқыққа сыйымды себептерге байланысты екенін дәлелдемесе, сот көрсетілетін лицензияны пайдалану шегін, мерзімдерін, төлем мөлшері мен тәртібін айқындай отырып береді. Төлем мөлшері лицензияның қалыптасқан практикаға сәйкес айқындалған нарықтық бағасынан төмен болып белгіленбеуге тиіс.

Мәжбүрлі ерекше емес лицензия:

1) ұлттық қауіпсіздікті немесе халық денсаулығын сақтауды қамтамасыз ету қажет болған;

2) патент иеленуші өзінің айрықша құқықтарын теріс пайдаланған, оның келісімімен басқа тұлғаның осындай айрықша құқықтарды теріс пайдалануына жәрдемдескен немесе кедергі жасамаған жағдайларда да беріледі.

Осы тармақтың ережелеріне сәйкес, жартылай өткізгіштер технологиясына жатқызылатын өнертабысты пайдалануға арналған мәжбүрлі ерекше емес лицензияны беруге оны мемлекеттік және қоғамдық мүдделерге орай коммерциялық емес пайдалану үшін ғана немесе сот тәртібімен Қазақстан Республикасының монополияға қарсы заңнамасының талаптарын бұзады деп танылған ережелерді өзгерту үшін жол беріледі.

Кез келген мәжбүрлі ерекше емес лицензия мұндай лицензия патенттелген дәрілік затты немесе патенттелген процесс арқылы алынған дәрілік затты Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарға сәйкес өндірістік құралдар болмаған немесе жеткіліксіз болып табылатын аумаққа экспорттау мақсаты үшін дәрілік затқа немесе дәрілік затты дайындау процесіне сұратылатын жағдайларды қоспағанда, бірінші кезекте Қазақстан Республикасы ішкі нарығының қажеттіліктерін қамтамасыз ету үшін берілуге тиіс.

Мәжбүрлі ерекше емес лицензия берілген адам көрсетілген өнеркәсіптік меншік объектісін пайдалану құқығын басқа адамға осы объект пайдаланылатын тиісті өндіріспен бірге ғана бере алады.

Мәжбүрлі ерекше емес лицензияны беруге себеп болған мән-жайлардың қолданысы тоқтатылған жағдайда оның күші сот арқылы жойылуға жатады.

5. Тиімді коммерциялық жағдайларда лицензиялық шарт жасасудан бас тартқан өнеркәсіптік меншік объектісіне басқа қорғау құжатын иеленушінің құқықтарын бұзбай пайдалана алмайтын патент иеленушінің Қазақстан Республикасының аумағында өнеркәсіптік меншік объектісін пайдалануға мәжбүрлі ерекше емес лицензияны өзіне беру туралы өтінішпен сотқа жүгінуге құқығы бар.

Егер өнеркәсіптік меншік объектісін басқа қорғау құжатын иеленушінің құқықтарын бұзбай пайдалана алмайтын патент иеленуші өзінің өнеркәсіптік меншік объектісі маңызды техникалық жетістікті білдіретінін және басқа қорғау құжатын иеленушінің өнеркәсіптік меншік объектісінің алдында айтарлықтай экономикалық маңызға ие екенін дәлелдесе, сот оған мәжбүрлі ерекше емес лицензия беру туралы шешім қабылдауы мүмкін.

Көрсетілген лицензияны беру кезінде қорғау құжаты басқа тұлғаға тиесілі өнеркәсіптік меншік объектісін пайдалану шектерін, мерзімдерін, төлем мөлшері мен тәртібін сот айқындауға тиіс. Бұл ретте төлем мөлшері қалыптасқан практикаға сәйкес белгіленген лицензияның нарықтық бағасынан төмен болмауға тиіс.

Осы тармақтың негізінде алынған өнеркәсіптік меншік объектісін пайдалану құқығы бұл құқық қорғау құжатына байланысты берілген өнеркәсіптік меншік объектісіне тек қана осы қорғау құжатын берумен бірге берілуі мүмкін.

Осы тармаққа сәйкес мәжбүрлі лицензия берілген жағдайда, көрсетілген лицензияның негізінде пайдалану құқығы берілген қорғау құжатына патент иеленушінің мәжбүрлі лицензия берілген тәуелді өнертабысты пайдалануға лицензия алуға да құқығы бар.

6. Алып тасталды - ҚР 20.06.2018 № 161-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

7. Алып тасталды - ҚР 20.06.2018 № 161-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

8. Алып тасталды - ҚР 20.06.2018 № 161-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

9. Алып тасталды - ҚР 20.06.2018 № 161-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

10. Алып тасталды - ҚР 20.06.2018 № 161-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

11. Алып тасталды - ҚР 20.06.2018 № 161-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

12. Алып тасталды - ҚР 20.06.2018 № 161-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

13. Алып тасталды - ҚР 20.06.2018 № 161-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

14. Өнеркәсіптік меншік объектісіне қорғау құжаты және (немесе) оны алу құқығы мұрагерлік бойынша немесе құқықтық мирасқорлық тәртібімен беріледі.

15. Патент иеленуші қорғау құжатын күшінде ұстап тұру үшін жыл сайын өтінім берген күнге сәйкес келетін күні төлем жүргізуге міндетті.

Қорғау құжатын күшінде ұстап тұру үшін алғашқы төлем қорғау құжатын беру туралы мәліметтер жарияланған күннен бастап екі ай мерзімде жүргізіледі және өтінім берілген күннен бастап алдындағы жылдар үшін төлемді қамтиды.

16. Еуразиялық патентті Қазақстан Республикасының аумағында күшінде ұстап тұру үшін баж мөлшерін уәкілетті орган белгілейді.

Ескерту. 11-бап жаңа редакцияда - ҚР 2012.01.12 № 537-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен; өзгерістер енгізілді - ҚР 07.04.2015 № 300-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 27.10.2015 № 365-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 20.06.2018 № 161-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

11-1-бап. Өнеркәсіптік меншік объектісіне айрықша құқық беру

1. Патент иеленуші өзіне тиесілі өнеркәсіптік меншік объектісіне айрықша құқықты өзгеге беру шарты бойынша басқа жеке немесе заңды тұлғаға беруге құқылы.

Өнеркәсіптік меншік объектісіне айрықша құқық беру туралы шарт осы айрықша құқықтың қолданылу мерзімі шегінде жазбаша нысанда жасалады.

2. Өнеркәсіптік меншік объектісіне айрықша құқық беру тиісті мемлекеттік тізілімде тіркелуге жатады.

Ескерту. 4-тарау 11-1-баппен толықтырылды - ҚР 20.06.2018 № 161-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

12-бап. Патент иеленушінің ерекше құқығын бұзушылық болып танылмайтын әрекеттер

Мыналар патент иеленушінің ерекше құқығын бұзу деп танылмайды:

1) конструкциясында қорғалатын өнеркәсіптік меншік объектілері бар құралдарды немесе басқа елдердің көлік (теңіз, өзен, әуе, жер бетіндегі және ғарыштағы) құралдарын пайдаланған кезде, аталған құралдар Қазақстан Республикасының аумағында уақытша немесе кездейсоқ тұрған және көлік құралдарының мұқтаждары үшін пайдаланылып отырған жағдайда қолдану. Егер көлік құралдары Қазақстан Республикасы көлік құралдарының иелеріне осындай құқық беретін елдердің жеке немесе заңды тұлғаларына тиесілі болса, мұндай әрекеттер патент иеленушінің ерекше құқығын бұзушылық болып танылмайды;

2) қорғалатын өнеркәсіптік меншік объектісін қамтитын құралға, егер осындай ғылыми зерттеудің немесе эксперименттің мақсаты кіріс алу болып табылмаса, ғылыми зерттеу немесе эксперимент жүргізу;

3) төтенше жағдайлар (табиғи зілзалалар, апаттар, ірі авариялар) кезінде мұндай құралдарды кейіннен патент иеленушіге дереу хабарлай отырып және патент иеленушіге мөлшерлес өтемнің ақысын төлей отырып қолдану;

4) егер мұндай пайдаланудың мақсаты табыс алу болып табылмаса, мұндай құралдарды жеке, отбасылық, үйдегі немесе өзге де кәсіпкерлік қызметпен байланысты емес мұқтаждарды қанағаттандыру үшін қолдану;

5) қиын-қыстау жағдайларда дәрігердің рецепті бойынша дәріханада бір жолғы дәрі дайындау;

6) егер қорғалатын өнеркәсіптік меншік объектісі бар құралдарды Қазақстан Республикасының аумағына азаматтық айналымға тікелей патент иеленуші немесе патент иеленушінің рұқсатымен өзге тұлға бұрын енгізген болса, оларды Қазақстан Республикасының аумағына әкелу, қолдану, сатуға ұсыну, сату, өзге де азаматтық айналымға енгізу немесе осы мақсаттарда сақтау.

Ескерту. 12-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2012.01.12 № 537-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 27.10.2015 № 365-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

13-бап. Бұрын пайдалану құқығы және уақытша құқықтық қорғау

1. Өнеркәсіптің меншік объектісінің басымдық алған күніне дейін Қазақстан Республикасының аумағында оның авторына тәуелсіз жасалған өнеркәсіптік меншік объектісіне ұқсас шешімді адал пайдаланған немесе бұған қажет дайындықтар жасаған тұлға мұндай пайдалану көлемін ұлғайтпай оны өтеусіз пайдалану құқығын (бұрын пайдалану құқығын) сақтайды.

Бұрын пайдалану құқығы басқа адамға ұқсас шешімді пайдалану орын алған немесе оған қажетті әзірлік жасалған өндіріспен бірге ғана берілуі мүмкін.

2. Өнеркәсіптік меншік объектісін басымдық берілген күннен кейін, бірақ өнертабысқа, өнеркәсіптік үлгіге немесе пайдалы модельге патент беру туралы мәліметтер жарияланған күнге дейін пайдалана бастаған тұлға патент иеленушінің талабы бойынша одан әрі пайдалануды тоқтатуға міндетті. Алайда, мұндай тұлға патент иеленушіге мұндай пайдалану нәтижесінде өзі келтірген залалды өтеуге міндетті емес.

3. Ресми немесе ресми танылған халықаралық көрмеге экспонат ретінде қойылған өнеркәсіптік меншік объектісіне оны көрмеге қойған күннен бастап алты айдан кешіктірмей осы объектіге өтінім берілген жағдайда, көрмеге қойылған күннен бастап қорғау құжатын беру туралы мәліметтердің алғашқы жариялануына дейін уақытша құқықтық қорғау беріледі.

4. Осы баптың 3-тармағында көрсетілген мерзімде өнеркәсіптік меншік объектісін пайдаланушы адам патент иеленушіге қорғау құжаты берілген соң ақшалай өтемақы төлейді. Өтемақы мөлшері тараптардың келісімдерімен белгіленеді.

Тараптар істі татуласу келісімімен немесе дауды (жанжалды) медиация тәртібімен реттеу туралы келісіммен аяқтауы мүмкін, оларға тараптар қол қояды және оларды сот бекітеді.

Ескерту. 13-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2004.07.09. № 586, 2007.03.02. № 237; 07.04.2015 № 300-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

14-бап. Өнеркәсіптік меншік объектісін пайдалануға құқықты табыстау

1. Патент иеленуші болып табылмайтын кез келген тұлға (лицензиат) қорғалатын өнеркәсіптік меншік объектісін патент иеленушінің (лицензиардың) рұқсатымен лицензиялық шарт, кешенді кәсіпкерлік лицензия шарты немесе лицензиармен жасалатын, лицензиялық шарттың талаптарын қамтитын өзге де шарт (лицензиялық шарт) негізінде пайдалануға құқылы.

2. Лицензиялық шартта лицензиардың лицензиатқа:

1) лицензиардың оны пайдалану мүмкіндігін және басқа тұлғаларға лицензия (қарапайым, ерекше емес лицензия) беру құқығын сақтап;

2) лицензиардың оны пайдалану мүмкіндігін сақтап, бірақ басқа тұлғаларға лицензия (жалғыз лицензия) беру құқығынсыз;

3) лицензиардың оны пайдалану мүмкіндігін сақтамай және басқа тұлғаларға лицензия (ерекше лицензия) беру құқығынсыз өнеркәсіптік меншік объектісін пайдалану құқығын табыстау көзделуі мүмкін.

Лицензиялық шартта пайдалану талаптары көрсетілмеген жағдайда, өнеркәсіптік меншік объектісін пайдалануға құқық қарапайым, ерекше емес лицензия талаптарымен табысталады.

Егер лицензиялық шартта өзгеше көзделмесе, лицензиат өнеркәсіптік меншік объектісін пайдалануды Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында жүзеге асыруға құқылы.

Өнеркәсіптік меншік объектісін пайдалануға құқықтың қолданылу мерзімі лицензиялық шартта айқындалады және тараптардың өзара келісуі бойынша ұзартылуы мүмкін.

Лицензиялық шартта мерзім көрсетілмеген жағдайда, өнеркәсіптік меншік объектісін пайдалануға құқықтың қолданылу мерзімі осы шарт тіркелген күннен бастап бес жылға тең болады.

Өнеркәсіптік меншік объектісіне айрықша құқықтың қолданысын тоқтату лицензиялық шарттың қолданысын тоқтатуға алып келеді.

Лицензиат өнеркәсіптік меншік объектісін пайдалануға құқықты лицензиялық шарттың талаптарын ескере отырып, қосалқы лицензиялық шарттың немесе кешенді кәсіпкерлік қосалқы лицензия шартының негізінде басқа тұлғаға (қосалқы лицензиатқа) беруге құқылы. Егер лицензиялық шартта өзгеше көзделмесе, қосалқы лицензиаттың әрекеттері үшін лицензиат лицензиар алдында жауапты болады.

Өнеркәсіптік меншік объектісіне айрықша құқықты басқа тұлғаға беру лицензиялық шарттың тоқтатылуына алып келмейді.

3. Өнеркәсіптік меншік объектісін пайдалануға құқықты табыстау туралы шарттар мен қосымша келісімдер жазбаша нысанда жасалады және тиісті мемлекеттік тізілімде тіркелуге жатады.

Ескерту. 14-бап жаңа редакцияда - ҚР 20.06.2018 № 161-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

14-1-бап. Өнеркәсіптік меншік объектісіне айрықша құқық беруді және оны пайдалануға құқықты табыстауды тіркеу шарттары

1. Өнеркәсіптік меншік объектісіне айрықша құқық беруді және оны пайдалануға құқықты табыстауды тіркеу шарттың мүдделі тарапының өтініші алынған күннен кейінгі он жұмыс күні ішінде мәліметтерді тиісті мемлекеттік тізілімдерге енгізу жолымен жүзеге асырылады.

Жазбаша нысанның және (немесе) тіркеу туралы талаптың сақталмауы шарттың маңызсыздығына алып келеді.

2. Шарттың тоқтатылуына байланысты тиісті мемлекеттік тізілімдерге өзгерістер енгізу немесе соттың заңды күшіне енген шешімі негізінде тіркеудің күшін жою шарттың мүдделі тарапының өтініші келіп түскен күннен кейінгі бір жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады.

Тіркеу туралы мәліметтерде мүдделі тұлғаның өтініші алынған күннен бастап бір жұмыс күні ішінде және шарттың басқа мүдделі тараптарына жазбаша хабарлама жіберілген жағдайда, олардың тиесілілігін, сипатын немесе мазмұнын өзгертпейтін техникалық сипаттағы қателер түзетілуі мүмкін.

3. Мыналар:

1) өнеркәсіптік меншік объектісіне айрықша құқықтың тоқтатылған қолданысын қалпына келтіруге арналған мерзімнің болуы;

2) құжаттар топтамасын толық ұсынбау не ұсынылған құжаттардағы мәліметтердің сәйкес келмеуі;

3) ұсынылған құжаттардағы мәліметтердің тиісті мемлекеттік тізілімдердегі немесе Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шартқа сәйкес жүргізілетін тізілімдегі мәліметтерге сәйкес келмеуі тіркеуге уақытша кедергі келтіретін негіздер болып табылады.

4. Осы баптың 3-тармағында көрсетілген негіздер анықталған жағдайда, өтініш берушіге оларды жою туралы сұрау салу жіберіледі. Тіркеу мерзімі сұрау салу жіберілген күннен бастап үш айға тоқтатыла тұрады.

5. Мыналар:

1) өнеркәсіптік меншік объектісіне айрықша құқықтың тоқтатылған қолданысын қалпына келтіруге арналған мерзімнің өтуі;

2) тіркеуге уақытша кедергі келтіретін негіздерді жоюға арналған мерзімнің өтуі;

3) шарттың тарапы болып табылмайтын тұлғадан тіркеу туралы өтінішті алу;

4) лицензиялық шартты немесе оған қосымша келісімді тіркеудің болмауы;

5) тарапта өнеркәсіптік меншік объектісін пайдалануға құқықты табыстауға кедергі келтіретін қабылданған міндеттемелердің болуы тіркеуден бас тартуға негіз болып табылады.

Ескерту. 4-тарау 14-1-баппен толықтырылды - ҚР 20.06.2018 № 161-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

14-2-бап. Ашық лицензия

1. Патент иеленуші сараптама ұйымына өнеркәсіптік меншік объектісін пайдалануға құқықты (ашық лицензия) кез келген тұлғаға табыстау туралы өтініш бере алады.

2. Патент иеленушінің ашық лицензияға құқықты табыстау туралы өтініші кері қайтарып алуға жатпайды және оны тіркеген күнінен бастап үш жыл бойы өз күшін сақтайды. Көрсетілген мерзім шегінде қорғау құжатын күшінде сақтағаны үшін ақы төлеу тиісті мемлекеттік тізілімде тіркелген жылдан кейінгі жылдан бастап 50 пайызға төмендетіледі.

3. Ашық лицензияны сатып алуға ниет білдірген тұлға патент иеленушімен жазбаша нысанда тиісті шарт жасасуға міндетті.

Шарт жасасу талаптары бойынша дауларды сот қарайды.

4. Ашық лицензияға құқықты табыстау патент иеленушінің немесе мүдделі тұлғаның өтініші қажетті құжаттармен қоса алынған күннен бастап бір жұмыс күні ішінде тіркелуге жатады.

Ескерту. 4-тарау 14-2-баппен толықтырылды - ҚР 20.06.2018 № 161-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

15-бап. Патент иеленушінің ерекше құқығын бұзу

1. Қорғалатын өнеркәсіптік меншік объектісін осы Заңға қайшы пайдаланушы кез келген адам патент иеленушінің ерекше құқығын бұзушы (қорғау құжатын бұзушы) болып есептеледі.

Қорғалатын өнеркәсіптік меншік объектісін пайдалана отырып жасалған өнімді рұқсатсыз дайындау, қолдану, жеткізу, сақтау, сатуға ұсыну, сату және азаматтық айналымға өзгеше енгізу, сондай-ақ тікелей қорғау әдісімен дайындалған өнімді қолдану немесе азаматтық айналымға енгізу патент иеленушінің ерекше құқығын бұзу (қорғау құжатын бұзу) болып танылады. Бұл орайда жаңа өнім өзге де дәлелдемелер болмаған жағдайда қорғалатын әдіспен алынған деп есептеледі.

2. Патент иеленуші:

1) қорғау құжатын бұзуды тоқтатуды;

2) қорғау құжатын беру туралы мәліметтерді алғашқы жариялаған күннен бастап, бұзушының келтірген шығындардың орнын толтыруын және моральдық залалын өтеуін;

3) қорғау құжатын беру туралы мәліметтерді алғашқы жариялаған күннен бастап, қорғау құжатын бұзушы алған пайданы шығындардың орнын толтырудың орнына өндіріп алуды;

4) қорғау құжатын бұзушының заңдарда белгіленген оннан елу мыңға дейінгі айлық есептік көрсеткіш сомасында өтемақы төлеуін талап етуге. Шығындардың орнын толтыру немесе пайданы алып қою орнына өтемақы мөлшерін сот белгілейді;

5) қорғау құжатын беру туралы мәліметтерді алғашқы жариялаған күннен бастап, азаматтық айналымға енгізілген немесе осы мақсатта сақталған және қорғау құжатын бұзушы деп танылған өнімдерді, сондай-ақ қорғау құжатын бұзуға арнайы арналған қаржыларды өз пайдасына алып қоюға;

6) кімнің құқығы бұзылғаны туралы мәліметтер енгізілген құқық бұзушылықты міндетті түрде жариялауға құқылы.

3. Егер бұл лицензиялық шартта көзделсе, қорғау құжатын бұзушыға талаптарды лицензиаттың да қоюы мүмкін.

Ескерту. 15-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2004.07.09. N 586 Заңымен.

5-тарау. Қорғау құжатын алу тәртібі

16-бап. Қорғау құжатын беруге өтінім жасау

1. Қорғау құжатын алуға өтінімді сараптама жасау ұйымына осы Заңның 10-бабының 1-тармағына сәйкес қорғау құжатын иелену құқығы бар адам (бұдан әрі - өтінім беруші) береді.

2. Қорғау құжатын беру туралы өтінім қазақ немесе орыс тілінде беріледі. Өтінімнің өзге құжаттары қазақ, орыс тілдерінде немесе басқа тілде беріледі. Егер өтінімнің басқа құжаттары өзге тілде берілсе, өтінімге олардың қазақ немесе орыс тіліндегі аудармасы қоса тапсырылады. Аударманы өтінім беруші сараптама жасау ұйымына басқа тілдегі құжаттары бар өтінім түскеннен кейін екі ай ішінде тапсыруға міндетті. Тиісті төлемдер енгізілген жағдайларда бұл мерзім ұзартылуы мүмкін, бірақ ол екі айдан аспауға тиіс.

Белгіленген мерзімде аударма табыс етілмеген жағдайда өтінім берілмеген болып есептеледі.

3. Өтінім және оны қараудың барысы туралы ақпарат Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларды қоспағанда, үшінші тұлғаларға берілмейді.

Ескерту. 16-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2004.07.09 N 586, 2007.03.02 N 237, 2012.01.12 № 537-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 07.04.2015 № 300-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 20.06.2018 № 161-VI (

алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

17-бап. Өнертабысқа қорғау құжатын беруге өтінім

1. Өнертабысқа қорғау құжатын беруге өтінім (бұдан әрі - өнертабысқа өтінім) бір өнертабысқа немесе өзара байланыстылығы өнертапқыштық бір ойды құрайтын өнертабыс тобына беріледі (өнертабыс бірлігінің талабы).

2. Өнертабысқа өтінімде мынадай құжаттар:

1) өнертабыс авторлары және атына қорғау құжаты сұралып отырған адамдар, сондай-ақ олардың тұрғылықты жері немесе орналасқан орны көрсетілген қорғау құжатын беру туралы өтінім;

2) білімнің тиісті саласындағы маманның өнертабысты жүзеге асыруы үшін толық, жеткілікті ашылған сипаттамасы;

3) өнертабыстың объектісін айқындайтын және оның мәнін білдіретін өнертабыстың формуласы. Формула анық, нақты болуға және сипаттамаға негізделуге тиіс;

4) егер өнертабыстың мәнін түсіну үшін қажет болса, сызбалар және өзге де материалдар;

5) реферат;

6) сенімді өкілдер арқылы іс жүргізілген жағдайда - сенімхат;

7) Алып тасталды - Қазақстан Республикасының 2007.03.02. N 237 Заңымен.

Өнертабысқа өтінімге:

1) формальды сараптама жүргізгені үшін ақы төлеуді қоса алғанда, өтінім беруге ақы төленгенін;

2) ақы төлеу мөлшерін азайту негізін растайтын құжаттар қоса беріледі.

Тиісті ақы төленген жағдайда бұл мерзім екі айға ұзартылады.

Төлем жөніндегі құжаттар белгіленген мерзімде тапсырылмаған жағдайда өтінім берілмеген болып есептеледі.

3. Өнертабысқа өтінім берілген күн сараптама жасау ұйымына осы баптың 2-тармағы бірінші бөлігінің 1), 2) және 4) тармақшаларында көрсетілген өтінім құжаттары түскен күн бойынша белгіленеді, ал егер көрсетілген құжаттар бір мезгілде тапсырылмаса, онда тапсырылған құжаттардың соңғысы түскен күні бойынша белгіленеді.

4. Алып тасталды - ҚР 20.06.2018 № 161-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Ескерту. 17-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2004.07.09 N 586, 2007.03.02 N 237, 2012.01.12 № 537-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 20.06.2018 № 161-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

18-бап. Пайдалы модельге патент беруге өтінім

1. Пайдалы модельге патент беруге өтінім (бұдан әрі - пайдалы модельге өтінім) бір пайдалы модельге немесе байланыстылығы бір өнертапқыштық ойды құрайтын пайдалы модельдер тобына (пайдалы модельдер бірлігінің талабы) қатысты болуға тиіс

2. Пайдалы модельге өтінімде:

1) пайдалы модель авторлары және атына патент сұралып отырған адамдар, сондай-ақ олардың тұрғылықты жері немесе орналасқан орны көрсетілген патент беру туралы өтініш;

2) пайдалы модельді оның жүзеге асырылуы үшін жеткілікті, толық ашатын сипаттамасы;

3) оның мәнін білдіретін, сипаттамаға толық негізделген пайдалы модельдің формуласы;

4) сызбалар;

5) реферат;

6) сенімді өкілдер арқылы іс жүргізген жағдайда - сенімхат болуға тиіс.

Пайдалы модельге өтінімге өтінім беруге белгіленген мөлшерде ақы төленгенін растайтын құжат пен оның мөлшерін азайтуға негіздемені растайтын құжат қоса тіркеледі, оларды өтінімге қоса немесе өтінім түскен күннен бастап екі ай ішінде тапсыруға болады. Тиісті төлемдер енгізілген жағдайда бұл мерзім ұзартылуы мүмкін, бірақ екі айдан аспауға тиіс.

Белгіленген мерзімде төлемдер туралы құжаттар тапсырылмаған жағдайда өтінім берілмеген болып есептеледі.

3. Пайдалы модельге өтінім берілген күн өтінім берушінің тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде) немесе толық атауы көрсетіле отырып, пайдалы модельге патент беру туралы өтінішті, сипаттама мен сызбаларды қамтитын өтінім сараптама ұйымына келіп түскен күні бойынша, ал егер аталған құжаттар бір мезгілде тапсырылмаса, тапсырылған құжаттардың соңғысы келіп түскен күн бойынша белгіленеді.

4. Алып тасталды - ҚР 20.06.2018 № 161-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Ескерту. 18-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2004.07.09 N 586, 2007.03.02 N 237, 2012.01.12 № 537-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 07.04.2015 № 300-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 20.06.2018 № 161-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

19-бап. Өнеркәсіптік үлгіге патент беруге өтінім

Ескерту. 19-баптың тақырыбына өзгеріс енгізілді - ҚР 07.04.2015 № 300-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

1. Өнеркәсіптік үлгіге патент беруге өтінім (бұдан әрі - өнеркәсіптік үлгіге өтінім) бір өнеркәсіптік үлгіге немесе өзара байланыстылығы соншалық, олар біртұтас шығармашылық ойды (өнеркәсіптік үлгінің бірлігі талабын) құрайтын өнеркәсіптік үлгілер тобына қатысты болуға тиіс.

2. Өнеркәсіптік үлгіге өтінімде:

1) өнеркәсіптік үлгі авторлары және атына патент сұралып отырған адамдар, сондай-ақ олардың тұрғылықты жері немесе орналасқан орны көрсетілген патент беру туралы өтініш;

2) өнеркәсіптік үлгінің елеулі белгілері туралы толық егжей-тегжейлі түсінік беретін бұйымның сыртқы түрінің кескіндерін көшірмелеу үшін жарамды жиынтығы;

3) Алып тасталды - Қазақстан Республикасының 2007.03.02. N 237 Заңымен.

4) өнеркәсіптік үлгінің сипаттамасы;

5) өкілдер арқылы іс жүргізген жағдайда - сенімхат болуға тиіс.

Өнеркәсіптік үлгіге өтінімге өтінім беруге белгіленген мөлшерде ақы төленгенін растайтын құжат және оның мөлшері кемітілуіне арналған негіздемені растайтын құжат қоса тіркеледі, олар өтініммен бірге немесе өтінім түскен күннен бастап екі ай ішінде табыс етілуі мүмкін. Тиісті төлемдер енгізілген жағдайда бұл мерзім ұзартылуы мүмкін, бірақ екі айдан аспауы керек.

Төлем жөніндегі құжаттар белгіленген мерзімде тапсырылмаған жағдайда өтінім берілмеген болып есептеледі.

3. Өнеркәсіптік үлгіге өтінім берілген күн болып сараптама жасау ұйымына өнеркәсіптік үлгіге қорғау құжатын беру туралы арызда келтірілген, тегі, есімі, әкесінің аты (егер ол болса) көрсетілуі немесе арыз берушінің толық атауы, сипаттамасы, бұйымның кескіні (макеті) болуы керек, ал егер аталған құжаттар бір мезгілде тапсырылмаса, тапсырылған құжаттардың соңғысының түскен күні көрсетіліп белгіленеді.

4. Алып тасталды - ҚР 20.06.2018 № 161-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Ескерту. 19-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2004.07.09 N 586, 2007.03.02. N 237, 2012.01.12 № 537-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 07.04.2015 № 300-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 20.06.2018 № 161-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

20-бап. Өнеркәсіптік меншік объектісінің басымдығы

1. Өнеркәсіптік меншік объектісінің басымдығы осы Заңның 17-бабының 3-тармағына, 18-бабының 3-тармағына және 19-бабының 3-тармағына сәйкес белгіленген, өнеркәсіптік меншіктің тиісті объектісіне өтінім берілген күн бойынша белгіленеді.

2. Басымдық, егер өтінім өнертабысқа, пайдалы модельге сараптама жасау ұйымына аталған күннен бастап он екі айдың ішінде, ал өнеркәсіп үлгісіне алты айдың ішінде берілсе, Париж конвенциясына қатысушы мемлекетке, сондай-ақ онда көзделген халықаралық немесе аймақтық ұйымдарда (конвенциялық басымдық) берілген бірінші өтінім күні бойынша белгіленуі мүмкін. Егер өтінім берушіге байланысты емес мән-жаймен конвенциялық басымдық сұраған өтінім аталған мерзімде беріле алмай қалса, соңғысы ұзартылуы мүмкін, бірақ екі айдан аспауы керек.

Конвенциялық басымдықтың құқығын пайдаланғысы келетін өтініш беруші өтінім берген кезде немесе сараптама жасау ұйымына өтінім түскен күннен бастап екі ай ішінде мұны көрсетуге және бірінші өтінімнің куәландырылған көшірмесін қоса беруге немесе оны сараптама жасау ұйымына өтінім түскен күннен бастап алты айдан кешіктірмей табыс етуге тиіс. Көрсетілген құжатты тапсырмаған жағдайда өтінім беруші конвенциялық басымдыққа құқығын жоғалтады. Бұл жағдайда басымдық өтінімнің сараптама жасау ұйымына келіп түскен күнімен белгіленеді.

3. Егер өтініш берушіге қосымша материалдар шешімнің мәнін өзгертеді және оны берген күні көрсетілген қосымша материалдар сол бойынша табыс етілген өтінім қайтарылып алынбаған және қайтарылып алынды деп саналмаған деп танылуына байланысты оларды назарға алу мүмкін еместігі туралы сараптама жасау ұйымының хабарламасы жіберілген күннен бастап үш ай мерзім өткенге дейін өтініш беруші дербес өтінім ретінде ресімдеген болса, басымдық қосымша материалдар түскен күн бойынша белгіленуі мүмкін.

4. Егер мұндай басымдық сұралып отырған өтінім неғұрлым бұрын берілген өнертабысқа өтінім берілген күннен бастап кем дегенде он екі айда және неғұрлым бұрын берілген пайдалы модельге, өнеркәсіп үлгісіне өтінім - алты айда түссе, басымдық осы өтінім берушінің өтінімнің берілген күнге қайтарып алынбаған және қайтарып алынды деп саналмайтын өнеркәсіптік меншік объектісін ашып көрсететін неғұрлым бұрынғы өтінімі сараптама жасау ұйымына берілген күн бойынша белгіленуі мүмкін. Бұл орайда неғұрлым бұрын берілген өтінім қайтарып алынды деп есептеледі.

Басымдықты оған дейін басымдық сұралған өтінімнің берілген күнінен белгілеуге болмайды.

5. Өнеркәсіптік меншік объектісінің бөлектенген өтінім бойынша басымдығы - сол өтінім берушінің сараптама жасау ұйымына берген басымдықтың мәнін ашатын бастапқы өтінімінің күні бойынша, ал бастапқы өтінім бойынша басымдықты неғұрлым ерте белгілеу құқығы болған жағдайда, егер бөлектенген өтінім шағым жасауға мүмкіндігі таусылған сараптама жасау ұйымының бастапқы өтінім бойынша теріс қорытындысы шыққанға дейін берілсе, бастапқы өтінім бойынша - оның басымдық күні бойынша, ал аталған өтінім бойынша сараптама жасау ұйымы оң қорытынды шығарған жағдайда Қазақстан Республикасының тиісті мемлекеттік тізілімінде тіркелген күнге дейін белгіленеді.

6. Басымдық бұрын берілген бірнеше өтінімдердің немесе оларға қосымша материалдардың негізінде, тиісінше осы баптың 2-5 тармақтарында аталған жағдайлар сақтала отырып белгіленуі мүмкін.

7. Егер ұқсас өнеркәсіптік меншік объектілері бір күнде басымдыққа ие болғаны анықталса, басымдық өтінімнің сараптама жасау ұйымына неғұрлым ертерек жіберілген күнін дәлелденген сол өтінім бойынша, ал бұл күндер сәйкес келгенде - сараптама жасау ұйымында неғұрлым бұрынырақ тіркеу нөміріне ие болған өтінім бойынша белгіленеді.

Ескерту. 20-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2004.07.09 N 586, 2012.01.12 № 537-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

21-бап. Өтінім берушінің бастамасы бойынша өтінім құжаттарын түзету

1. Тиісті шешім қабылданғанға дейін өтінім берушінің сараптама ұйымына тиісті өтінішхат беру арқылы өтінім құжаттарына мәлімделген объектінің мәнін өзгертпей түзетулер мен нақтылаулар, сондай-ақ қорғау құжатын алуға құқықты беру кезінде өтінім берушіні көрсетуге қатысты өзгерістер енгізуге құқығы бар.

Осы өзгерістер өтінім түскен күннен бастап екі ай ішінде енгізілген жағдайда төлем алынбайды.

2. Өтінім берушінің атауының өзгеруі нәтижесінде өтінім берушіні көрсетуге қатысты өзгерістер, сондай-ақ өтінім құжаттарындағы техникалық сипаттағы қателерді түзету тиісті төлем төленген жағдайда өнеркәсіптік меншік объектілерін тиісті Мемлекеттік тізілімде тіркеген күнге дейін жасалуы мүмкін.

Ескерту. 21-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2004.07.09. N 586 , 2007.03.02. N 237; 07.04.2015 № 300-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

22-бап. Өнертабысқа патент беруге өтінімге жасалатын сараптама

1. Сараптама жасау ұйымына келіп түскен өтінім бойынша осы Заңның 17-бабы 2-тармағы бірінші бөлігінің 1), 2) және 4) тармақшаларында көзделген өтінім құжаттарының бар екендігі және оларға қойылатын талаптардың сақталуы тексеріледі; өтінім берілген күн анықталады. Егер өтінім осы Заңның 17-бабы 2-тармағы бірінші бөлігінің 1), 2) және 4) тармақшаларының талаптарын және осы құжаттарға қойылған талаптарды қанағаттандырмаса, сараптама жасау ұйымы өтінім берушіге бұл туралы хабарлайды және жетіспейтін және (немесе) түзетілген құжаттарды (мәліметтерді) осындай хабарлама жіберілген күннен бастап үш ай ішінде табыс етуді ұсынады. Өтінім беруші сұратылған және (немесе) түзетілген құжаттарды (мәліметтерді) белгіленген мерзімде табыс етпеген жағдайда, өтінім берілмеген болып есептеледі, ол туралы өтінім берушіге тиісті хабарлама жіберіледі.

1-1. Өнертабысқа патент беруге өтінім берілген күн белгіленгеннен кейін сараптама жасау ұйымы ол бойынша ресми сараптама жүргізеді.

Ресми сараптама жүргізу барысында осы Заңның 17-бабының 2-тармағында көзделген құжаттардың бар екендігі және оларға қойылатын талаптардың сақталуы тексеріледі.

2. Егер өтінім беруші өтінім бойынша осы Заңның 21-бабына сәйкес қосымша материалдарды табыс еткен болса, сараптама процесінде олар өтінім берілген өнертабыстың мәнін өзгертпейтіні тексеріледі.

Егер қосымша материалдарда өтінімнің бастапқы материалдарында жоқ, өнертабыс формуласына енгізуге жататын белгілер болса, олар өтінім берілген өнертабыстың мәнін өзгертеді. Қосымша материалдар өтінім берілген өнертабыстың мәнін өзгертетін бөлігінде өтінімді қарау кезінде назарға алынбайды және оны өтініш беруші дербес өтінім ретінде ресімдеуі мүмкін, бұл жөнінде өтінім берушіге хабарланады.

3. Оның құжаттарына қойылатын талаптарды бұза отырып берілген өтінім жөнінде өтініш берушіге оны жіберген күннен бастап үш ай мерзімде түзетілген немесе жоқ құжаттарды табыс ету ұсынылған сауал жіберіледі.

Егер өтінім беруші аталған мерзімде сұратылған құжаттарды немесе белгіленген мерзімді ұзарту туралы өтінішті табыс етпесе, өтінім қайтарып алған болып есептеледі.

4. Өнертабыс бірлігі талабын бұза отырып берілген өтінім бойынша өтінім берушіге оған тиісті хабарлама жіберген күннен бастап үш ай мерзімде өнертабыстардың қайсысы қаралуға тиіс екенін хабарлау және қажет болған жағдайларда өтінім құжаттарына нақтылау енгізу ұсынылады. Бастапқы өтінім материалдарына енген басқа өнертабыстар бөлектелген өтінімдермен ресімделуі мүмкін. Белгіленген өтінімдер басымдығы осы Заңның 20-бабының 5-тармағына сәйкес белгіленеді.

Егер өтінім беруші өзіне бірлік талаптарының бұзылғаны туралы хабарлама жіберілген күннен бастап үш ай мерзімде өнертабыстардың қайсысын қарау қажет екенін хабарламаса және нақтыланған құжаттарды табыс етпесе, формулада бірінші көрсетілген, сондай-ақ алғашқысымен байланыстылығы соншалықты, олар өнертабыс бірлігі талаптарын қанағаттандыратын басқа да өнертабыстар объектісі қаралады.

5. Ресми сараптама аяқталғаннан кейін өтінім берушіге оның нәтижесі туралы хабарланады.

6. Алып тасталды - Қазақстан Республикасының 2007.03.02. N 237 Заңымен.

7. Ресми сараптама оң нәтижемен аяқталғаннан кейін сараптама жасау ұйымы өтінімге мәні бойынша сараптама жүргізеді.

Өтінімге мәні бойынша сараптама мәлімделген ұсынысты өнертабыс ретінде қорғалатын объектілерге жатқызу мүмкіндігін белгілеуді, техника деңгейін анықтау үшін мәлімделген өнертабысқа қатысты ақпараттық іздестіру жүргізуді, мәлімделген объектінің (объектілердің) өнертабыс бірлігінің талабына және осы Заңның 6-бабында белгіленген патентке қабілеттілік шарттарына сәйкестігіне тексеру жүргізуді қамтиды және өтінімге мәні бойынша сараптамаға ақы төленген жағдайда жүзеге асырылады.

Мәні бойынша сараптама ресми сараптаманың нәтижесі туралы хабарлама жіберілген күннен бастап үш ай ішінде сараптама жасау ұйымына өтінімге мәні бойынша сараптамаға ақы төленгендігін растайтын құжатты берген жағдайда жүргізіледі.

Мәні бойынша сараптамаға ақы төленбеген жағдайда өтінім кері қайтарып алынған болып есептеледі.

8. Мәні бойынша өтінім сараптамасын жүргізу кезеңінде сараптама жасау ұйымы өтінім берушіден онсыз сараптама өткізу мүмкін болмайтын қосымша материалдарды, оның ішінде өнертабыстың өзгертілген формуласын сұратып алуға құқылы.

Сараптама жасау ұйымының сұратуы бойынша қосымша материалдар, сұратуға немесе өтінімге қарсы қойылатын материалдардың көшірмелерін өтінім беруші оған сараптама жасау ұйымының сұратуы жіберілген күннен бастап екі ай ішінде сұратқан жағдайда, аталған көшірмелер жіберілген күннен бастап өнертабыстың мәні өзгертілмей үш ай мерзімде табыс етілуге тиіс.

Қосымша материалдарға өнертабыстың мәнін өзгерткен бөлігінде осы баптың 2-тармағында белгіленген тәртіп қолданылады. Егер өтінім беруші сұрау салынған материалдарды немесе белгіленген мерзімді ұзарту туралы өтінішті белгіленген мерзімде табыс етпесе, өтінім қайтарып алынған болып есептеледі.

9. Егер өтінімге мәні бойынша сараптама жасау нәтижесінде сараптама ұйымы өтінім беруші сұрап отырған құқықтық қорғау көлеміндегі мәлімделген ұсыныс осы Заңның 6-бабында айқындалған өнертабыстың патентке қабілеттілік шарттарына сәйкес келетінін анықтаса, онда өнертабысқа патент беру туралы шешім шығарылады.

Өтінім берушіге сараптама ұйымының патент беру туралы шешім қабылдағаны туралы хабарлама жіберілген күннен бастап үш ай ішінде өтінім беруші сараптама ұйымына патентті беруге дайындағаны және жариялағаны үшін тиісті төлемді растайтын құжатты ұсынады. Көрсетілген құжат ұсынылмаған кезде өткізіп алған мерзімді қалпына келтіру төлемінің төленгені туралы құжат ұсынылған жағдайда төлем мерзімі үш ай ішінде қалпына келтірілуі мүмкін. Керісінше жағдайда өтінім кері қайтарып алынды деп есептеледі, өтінім бойынша іс жүргізу тоқтатылады, бұл жөнінде өтінім беруші қалпына келтіру мерзімі өткен күннен бастап бір ай мерзімде хабардар етіледі.

10. Өтінім берілген өнертабыс өтініш беруші сұраған құқықтық қорғау көлемінде өнертабыстың патент қабілеттілігі талаптарына сәйкес келмейтіні анықталған кезде өнертабысқа патент беруден бас тарту туралы шешім шығарылады.

Патент беруден бас тарту туралы шешім мынадай жағдайларда:

- 1) егер өтінім өнертабыс ретінде қорғалмайтын объектілерге қатысты болса;
- 2) егер өтінім беруші ұсынылған формулада өтінімнің бастапқы материалдарында жоқ белгілердің болуы туралы немесе өнертабыс ретінде қорғалатын объектіден басқа, өнертабыс ретінде қорғалатын объектілерге жатпайтын ұсынысты да сипаттайтын

болса немесе оған қатысты өнертабыс бірлігі талаптары бұзылуына байланысты қарау өткізілмегені туралы хабарланғаннан кейін өнертабыс формуласын өзгертпесе беріледі.

Өтінім беруші сараптама жасау ұйымының патент беруден бас тарту туралы шешімі жіберілген күннен бастап үш ай мерзімде уәкілетті органға қарсылық бере алады. Қарсылықты шағым кеңесі ол түскен күннен бастап төрт ай мерзімде қарауға тиіс.

11. Өтінім беруші сараптама ұйымының тиісті қорытындысы берілгенге дейін өтінімді қараудың кез келген сатысында пайдалы модельге патент беру туралы өтінішхат бере алады. Бұл жағдайда сараптама осы Заңның 23-бабына сәйкес жүргізіледі.

12. Өтінім беруші сараптаманың қарсы қойған барлық материалдарымен таныстырылуы мүмкін. Өтінім беруші сұратқан материалдарды сараптама жасау ұйымы оған сұрау салынған күннен бастап бір ай мерзім ішінде жібереді.

13. Осы баптың 3, 4, 7, 8, 10-тармақтарында көзделген және өтінім беруші өткізіп алған мерзімдерді өткізіп алған мерзімді қалпына келтіру төлемінің төленгені туралы құжат тапсырылған жағдайда сараптама ұйымы қалпына келтіруі мүмкін.

Мерзімді қалпына келтіру туралы өтінішті өтінім беруші өткізіп алған мерзім біткен күннен бастап он екі айдан кешіктірмей беруі мүмкін. Мұндай өтінішхат сараптама ұйымына сараптамаға сұратылған материалдармен, төлем туралы құжаттармен немесе апелляциялық кеңеске қарсылықпен бір мезгілде ұсынылады.

Сұрау салуға жауап қайтару немесе осы баптың 3 және 8-тармақтарында көзделген қосымша материалдарды ұсыну мерзімдері – төлем төленген жағдайда, өтінім берушінің белгіленген мерзім өткенге дейін берген өтінішхаты бойынша белгіленген мерзім өткен күннен бастап алты айға дейінгі мерзімге, ал осы баптың 10-тармағында көзделген қарсылықтар беру мерзімдері белгіленген мерзім өткен күннен бастап үш айдан аспайтын мерзімге ұзартылуы мүмкін.

13-1. Өтінім берушінің өтінішхаты бойынша өнертабысқа патент беруге арналған өтінімге сараптама, егер мәлімделетін өнертабыс патенттеудің қолайлы шарттары көзделген объектілерге жататын болса, жеделдетілген түрде жүргізіледі.

Сараптаманы жеделдетіп жүргізу өтінім беруші осы баптың 1, 1-1, 2, 3, 4, 5, 7 және 8-тармақтарында көрсетілген талаптарды сақтаған кезде алты ай ішінде:

- 1) әдеттегі сараптаманың;
- 2) ақпараттық іздестірудің;
- 3) мәні бойынша сараптаманың жүргізілуін қамтиды.

Патенттеудің қолайлы шарттары көзделген объектілер тізбесін уәкілетті орган айқындайды.

14. Егер өтінімді қарау кезінде онда мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтер анықталса, өтінім Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпиялар туралы заңдарында белгіленген тәртіппен құпияландырылады.

Ескерту. 22-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2004.07.09 N 586, 2007.03.02. N 237, 2012.01.12 № 537-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 07.04.2015 № 300-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 20.06.2018 № 161-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

22-1-бап. Өнертабысқа инновациялық патент беруге арналған өтінімге сараптама

Ескерту. 22-1-бап алып тасталды - ҚР 07.04.2015 № 300-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

23-бап. Пайдалы модельге патент беруге арналған өтінімге сараптама

1. Сараптама ұйымына келіп түскен өтінім бойынша осы Заңның 18-бабы 2-тармағы бірінші бөлігінің 1), 2 және 4) тармақшаларында көзделген өтінім құжаттарының бар екендігі тексеріледі, өтінім берілген күн белгіленеді. Егер өтінім осы Заңның 18-бабы 2-тармағы бірінші бөлігінің 1), 2), 3) және 4) тармақшаларының талаптарын қанағаттандырмаса, сараптама ұйымы өтінім берушіге бұл туралы хабарлайды және жетіспейтін құжаттарды (мәліметтерді) осындай хабарлама жіберілген күннен бастап үш ай ішінде табыс етуді ұсынады. Өтінім беруші сұратылған құжаттарды (мәліметтерді) белгіленген мерзімде ұсынбаған жағдайда өтінім берілмеген болып есептеледі, ол туралы өтінім берушіге тиісті хабарлама жіберіледі.

Сараптама жүргізу барысында осы Заңның 18-бабының 2-тармағында көзделген қажетті құжаттардың бар екендігі және оларға қойылатын белгіленген талаптардың орындалуы тексеріледі, пайдалы модельдің басымдық күні, мәлімделген ұсынысты пайдалы модель ретінде қорғалатын объектілерге жатқызу мүмкіндігі айқындалады, пайдалы модельдің бірлігі тексеріледі.

Мәлімделген пайдалы модельдің осы Заңның 7-бабының 1-тармағында белгіленген патент қабілеттілік талаптарына сәйкестігін тексеру жүзеге асырылмайды. Патент өтінім берушінің тәуекелімен және жауапкершілігімен беріледі.

2. Пайдалы модельге өтінімнің сараптамасын өткізген кезде тиісінше осы Заңның 22-бабының 2, 3, 4 және 13-тармақтарындағы ережелер қолданылады.

Егер сараптама нәтижесінде өтінімнің пайдалы модельдер ретінде қорғалатын объектілерге жататыны және құжаттардың белгіленген талаптарға сәйкестігі анықталса, сараптама ұйымы пайдалы модельге патент беру туралы шешім қабылдайды.

Сараптама ұйымының патент беру туралы шешім қабылдағаны туралы хабарлама өтінім берушіге жіберілген күннен бастап үш ай ішінде өтінім беруші сараптама жасау ұйымына патент беруге және жариялауға дайындағаны үшін тиісті төлемді растайтын құжатты ұсынады. Көрсетілген құжат ұсынылмаған кезде өткізіп алған мерзімді қалпына келтіру төлемі туралы құжат ұсынылған жағдайда, төлем мерзімі үш ай ішінде

қалпына келтірілуі мүмкін. Керісінше жағдайда өтінім кері қайтарып алынды деп есептеледі, өтінім бойынша іс жүргізу тоқтатылады, бұл жөнінде өтінім беруші қалпына келтіру мерзімі өткен күннен бастап бір ай мерзімде хабардар етіледі.

3. Егер сараптама нәтижесінде өтінімнің пайдалы модельдер ретінде қорғалмайтын объектілерге жататыны анықталса, пайдалы модельге патент беруден бас тарту туралы шешім шығарылады. Егер өтінім беруші ол ұсынған формулада өтінімнің бастапқы материалдарында болмаған белгілер байқалса немесе пайдалы модель ретінде қорғалатын объекіден басқа, пайдалы модель ретінде қорғалатын объектілерге жатпайтын ұсыныстармен де сипатталса, немесе пайдалы модель бірлігі талаптарын бұзуға байланысты қаралмағандығы туралы хабарламадан кейін формуланы өзгертпесе де, патент беруден бас тарту туралы шешім шығарылады.

Өтінім беруші сараптама жасау ұйымының патент беруден бас тарту туралы шешіміне ол жіберілген күннен бастап үш ай мерзім ішінде уәкілетті органға қарсылық беруге құқылы. Қарсылықты оның түскен күнінен бастап екі ай мерзімде шағым кеңесі қарауға тиіс.

4. Өтінім беруші өтінім қаралуының кез келген сатысында, сондай-ақ патент иеленуші мен үшінші тұлғалар патент беру туралы мәліметтер жарияланғаннан кейін техникалық деңгейін анықтау үшін сонымен салыстыру арқылы пайдалы модельдің патент қабілеттілігін бағалау жүзеге асырылатын ақпараттық іздестіру жүргізу туралы өтініш беруі мүмкін. Бұл жағдайда тиісінше осы Заңның 22-бабы 11-тармағының ережелері қолданылады.

Ескерту. 23-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2004.07.09 N 586, 2007.03.02 N 237, 2012.01.12 № 537-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 07.04.2015 № 300-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 20.06.2018 № 161-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

24-бап. Өнеркәсіптік үлгіге берілетін өтінімге сараптама

1. Сараптама жасау ұйымы өнеркәсіптік үлгіге өтінім бойынша ресми сараптама және мәні бойынша сараптама жүргізеді.

2. Ресми сараптама жасау сатысында осы Заңның 19-бабы 2-тармағы 1), 2) және 4) тармақшаларында көзделген өтінім құжаттарының бар екендігі тексеріледі, өтінім берілген күн мен басымдық күні анықталады.

Өнеркәсіптік үлгіге берілетін өтінім құжаттарына қойылатын талаптарды бұза отырып ресімделген өтінім бойынша өтінім берушіге сауал жіберіліп, онда сауал жіберілген күннен бастап үш ай мерзімде түзетілген немесе жетіспейтін құжаттарды табыс ету ұсынылады.

Егер өтінім беруші белгіленген мерзімде сұратылған құжаттарды немесе белгіленген мерзімді ұзарту туралы өтініш хатты табыс етпесе, өтінім кері қайтарып

алынған болып есептеледі, ол туралы өтінім берушіге тиісті хабарлама жіберіледі. Бұл мерзім тиісті төлем төленген жағдайда, бірақ үш айдан аспайтындай етіп ұзартылуы мүмкін.

Өнеркәсіптік үлгіге берілген өтінімге осы Заңның 21-бабына сәйкес қосымша материалдар табыс етілген кезде олардың өтінім берілген өнеркәсіптік үлгінің мәнін өзгертпейтіні тексеріледі.

Егер қосымша материалдарда өтінімнің бастапқы материалдарында жоқ белгілер болса, олар мәлімделген өнеркәсіптік үлгінің мәнін өзгертеді. Өтінімді қарау кезінде қосымша материалдардың мәлімделген өнеркәсіптік үлгінің мәнін өзгертетін бөлігі назарға алынбайды және оны өтініш беруші дербес өтінім ретінде ресімдей алады, бұл туралы өтінім берушіге хабарланады.

Ресми сараптама аяқталғаннан кейін ресми сараптаманың нәтижесі туралы өтінім берушіге хабарланады.

2-1. Өнеркәсіптік үлгінің бірлігі талаптары бұзыла отырып берілген өтінім бойынша өтінім берушіге тиісті хабарлама жіберілген күннен бастап оған үш ай мерзімде өнеркәсіптік үлгінің қайсысы қаралуға жататынын хабарлау және қажет болған кезде өтінім құжаттарына нақтылауды енгізу ұсынылады. Бастапқы өтінім материалдарына енгізілген басқа да өнеркәсіптік үлгілер бөлектелген өтінімдермен ресімделуі мүмкін. Бөлектелген өтінімдердің басымдығы осы Заңның 20-бабының 5-тармағына сәйкес белгіленеді.

Егер өтінім беруші өзіне бірлік талаптарының бұзылғаны туралы хабарлама жіберілген күннен бастап үш ай мерзімде өнеркәсіптік үлгілердің қайсысы қаралуға жататынын хабарламаған және нақтыланған құжаттарды ұсынбаған жағдайда, сипаттамада бірінші көрсетілген объектіні, сондай-ақ біріншісімен байланыстылығы өнеркәсіптік үлгінің бірлік талабын қанағаттандыратындай басқа да өнеркәсіптік үлгілерді қарау жүргізіледі.

3. Ресми сараптама оң нәтижемен аяқталғаннан кейін сараптама жасау ұйымы өтінімге мәні бойынша сараптама жүргізеді.

Өтінімге мәні бойынша сараптама мәлімделген ұсыныстың өнеркәсіптік үлгі ретінде қорғалатын объектіге жатқызылуы мүмкіндігін анықтауды, көркемдік-конструкторлық шешім деңгейін айқындау үшін мәлімделген өнеркәсіптік үлгіге қатысты ақпараттық іздестіру жүргізуді, мәлімделген шешімнің осы Заңның 8-бабында белгіленген патентке қабілеттілік талаптарына сәйкес келетініне тексеру жүргізуді қамтиды және өтінімге мәні бойынша сараптамаға ақы төленгенін растайтын құжат ұсынылған жағдайда жүзеге асырылады.

Өтінімге мәні бойынша сараптамаға ақы төленгені туралы құжат ресми сараптаманың нәтижесі туралы хабарлама жіберілген күннен бастап үш ай ішінде сараптама жасау ұйымына табыс етіледі.

4. Өтінімге мәні бойынша сараптама жүргізу кезеңінде сараптама жасау ұйымы өтінім берушіден онсыз сараптама жасау мүмкін болмайтын қосымша материалдарды сұратуға құқылы.

Сараптама жасау ұйымының сұратуы бойынша қосымша материалдар сауал жіберілген күннен бастап үш ай мерзімде өнеркәсіптік үлгінің мәні өзгертілместен табыс етілуге тиіс.

Қосымша материалдарға өнеркәсіптік үлгінің мәнін өзгертетін бөлігінде осы баптың 1-тармағында белгіленген тәртіп қолданылады. Егер өтінім беруші сұратылған материалдарды немесе белгіленген мерзімді ұзарту туралы өтініш хатты белгіленген мерзімде ұсынбаса, өтінім кері қайтарып алынған болып есептеледі. Бұл мерзім тиісті төлем төленген жағдайда, бірақ үш айдан аспайтындай етіп ұзартылуы мүмкін.

5. Сараптама жасау ұйымы, егер өтінімге мәні бойынша жүргізілген сараптама нәтижесінде өтінім беруші сұраған көлемдегі құқықтық қорғау мәлімделген ұсынысы осы Заңның 8-бабында айқындалған өнеркәсіптік үлгінің патентке қабілеттілік шарттарына сәйкес келетінін анықтаса, белгіленген басымдықты көрсете отырып, патент беру туралы шешім беріледі.

Патент беру туралы шешім өтінім берушіге жіберілген күннен бастап үш ай ішінде өтінім беруші сараптама ұйымына патент беруге дайындағаны және жариялағаны үшін тиісті төлемді растайтын құжатты ұсынады. Көрсетілген құжат ұсынылмаған кезде өткізіп алған мерзімді қалпына келтіру төлемі туралы құжат ұсынылған жағдайда, төлем мерзімі үш ай ішінде қалпына келтірілуі мүмкін. Керісінше жағдайда, өтінім кері қайтарып алынды деп есептеледі, өтінім бойынша іс жүргізу тоқтатылады, бұл жөнінде өтінім беруші қалпына келтіру мерзімі өткен күннен бастап бір ай мерзімде хабардар етіледі.

6. Мәлімделген өнеркәсіптік үлгінің өтінім беруші сұрап отырған құқықтық қорғау көлемінде өнеркәсіптік үлгінің патентке қабілеттілік шарттарына сәйкес келмейтіні анықталған кезде өнеркәсіптік үлгіге патент беруден бас тарту туралы шешім шығарылады.

Егер өтінім өнеркәсіптік үлгілер ретінде қорғалмайтын объектілерге жататын болса немесе өнеркәсіптік үлгінің бірлігі талаптарының бұзылуына байланысты оларға қатысты қарау өткізілмесе де, патент беруден бас тарту туралы шешім шығарылады.

Өтінім беруші сараптама ұйымының патент беруден бас тарту туралы шешіміне жіберілген күнінен бастап үш ай мерзімде уәкілетті органға қарсылық беруге құқылы. Апелляциялық кеңес қарсылықты келіп түскен күнінен бастап екі ай мерзімде қарауға тиіс.

7. Өтінім беруші сараптама қарсы қойған барлық материалдармен таныса алады. Сараптама жасау ұйымы өтінім берушінің сұратқан материалдарының көшірмелерін сұрау алынған күннен бастап бір ай мерзімде жібереді.

8. Осы баптың 2, 3 және 4-тармақтарында көзделген және өтінім беруші өткізіп алған мерзімдерді өткізіп алған мерзімді қалпына келтіру төлемі туралы құжат ұсынылған кезде сараптама ұйымы қалпына келтіруі мүмкін.

Өтінім беруші мерзімді қалпына келтіру туралы өтініш хатты өткізіп алынған мерзім аяқталған күннен бастап алты айдан кешіктірмей бере алады. Мұндай өтінішхат сараптама жасау ұйымына сараптаманың сұратылған материалдарымен немесе апелляциялық кеңеске жасалған қарсылықпен бір мезгілде ұсынылады.

Ескерту. 24-бап жаңа редакцияда - ҚР 2007.03.02 N 237 Заңымен, өзгерістер енгізілді - ҚР 2012.01.12 № 537-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 07.04.2015 № 300-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 20.06.2018 № 161-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

25-бап. Өнеркәсіптік меншік объектісін тіркеу және қорғау құжатын беру

1. Сараптама ұйымы тиісті мемлекеттік тізілімдерде:

1) қорғау құжаттарын, ашық немесе мәжбүрлі лицензияны беруді;

2) өнеркәсіптік меншік объектісіне айрықша құқық беруді;

3) өнеркәсіптік меншік объектісін пайдалануға құқықты табыстауды;

4) берілген патентті мерзімінен бұрын тоқтатуды немесе жарамсыз деп тануды тіркеуді жүзеге асырады.

Тиісті мемлекеттік тізілімдер сараптама ұйымының интернет-ресурсына орналастырылады.

2. Тіркеу туралы мәліметтер апта сайын бюллетеньде жарияланады.

3. Патент өтінім берушіге мәлімделген авторлар санына қарамастан жалғыз данада беріледі. Автор куәлігі патент беруге арналған өтінімде көрсетілген өнеркәсіптік меншік объектісінің әрбір авторы үшін өтінім берушіге беріледі.

Ескерту. 25-бап жаңа редакцияда - ҚР 20.06.2018 № 161-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

26-бап. Қорғау құжаттарын беру туралы мәліметтерді жариялау

1. Сараптама ұйымы өнертабысқа патент беру туралы мәліметтерді өтінім берілген күннен бастап – он сегіз ай өткеннен кейін, ал пайдалы модельге және өнеркәсіптік үлгіге патент беру туралы мәліметтерді он екі ай өткеннен кейін бюллетеньде жариялайды. Өтінім берушінің өтінішхаты бойынша сараптама ұйымы мәліметтерді көрсетілген мерзімнен ерте жариялайды.

2. Алып тасталды - Қазақстан Республикасының 2007.03.02. N 237 Заңымен.

3. Автордың қорғау құжаты туралы жарияланған мәліметтерде автор ретінде аталынудан бас тартуға құқығы бар.

4. Жарияланатын мәліметтердің толық құрамын уәкілетті орган белгілейді.

5. Қорғау құжатын беру туралы мәліметтер жарияланғаннан кейін кез келген тұлға өтінімнің материалдарымен және сараптама жасау ұйымы дайындаған ақпараттық іздестіру туралы есеппен танысуға құқылы.

6. Осы Заңның 5-бабы 3-тармағына сәйкес сараптама жасау ұйымы бюллетеньде қорғау құжаттарының қолданылу мерзімін ұзарту туралы мәліметтер, сондай-ақ тиісті мемлекеттік тізілімдердегі жазбалардың өзгерістері туралы мәліметтер жариялайды.

Ескерту. 26-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2004.07.09 N 586, 2007.03.02 N 237, 2012.01.12 № 537-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 07.04.2015 № 300-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

27-бап. Өтінімді қайтарып алу

Өтінім беруші өнеркәсіптік меншік объектісіне берген өтінімін Қазақстан Республикасының тиісті Мемлекеттік тізіліміне тіркелгенге дейін қайтарып алуға құқылы.

28-бап. Өтінімдерді қайта өзгерту

1. Өнертабысқа өтінім бойынша сараптама жасау ұйымының тиісті қорытындысы берілгенге дейін өтінім беруші оны тиісті өтініш жасау арқылы пайдалы модельге өтінім етіп өзгертуге құқылы.

2. Пайдалы модельге өтінім бойынша сараптама жасау ұйымының қорытындысы берілгенге дейін тиісті өтініш жасау арқылы пайдалы модельге өтінімді өнертабысқа өтінім етіп өзгертуге болады.

3. Аталған өзгертулер кезінде алғашқы өтінімнің басымдығы және берілген күні сақталады.

Ескерту. 28-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2004.07.09. N 586 Заңымен.

6-тарау. Қорғау құжатының қолданылуын тоқтату және қалпына келтіру

29-бап. Қорғау құжатына дау айту

1. Қорғау құжатына бүкіл қолданылу мерзімі ішінде оны беруге қарсы қарсылық бойынша мынадай жағдайларда:

1) қорғалатын өнеркәсіптік меншік объектісі осы Заңда белгіленген патент қабілеттілігі талаптарына сәйкес келмесе;

2) өнертабыстың, пайдалы модельдің формуласында немесе өнеркәсіп үлгісінің елеулі белгілері жиынтығында өтінімнің бастапқы материалдарында болмаған белгілер болса;

3) қорғау құжаты өтінім берушінің осы Заңның 37-бабының ережелерін бұзуы жағдайында берілсе;

4) қорғау құжатында авторы (авторлары) немесе патент иеленуші дұрыс көрсетілмесе дау айтылуы және толық немесе ішінара жарамсыз деп танылуы мүмкін.

2. Алып тасталды - ҚР 20.06.2018 № 161-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Ескерту. 29-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2004.07.09. N 586 Заңымен; 20.06.2018 № 161-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

30-бап. Қорғау құжатының күші жоқ деп танылуы және оның қолданылуын мерзімінен бұрын тоқтату

1. Сот шешімінің негізінде қорғау құжаты толық немесе ішінара жарамсыз деп танылады.

Қорғау құжаты ішінара жарамсыз деп танылған жағдайда өнертабыстың қалған қорғауға қабілетті объектісіне, өнертабыстың, пайдалы модельдің немесе өнеркәсіптік үлгінің нұсқасына жаңа патент беріледі.

Толық немесе ішінара жарамсыз деп танылған, өнертабысқа, пайдалы модельге немесе өнеркәсіптік үлгіге патент патентке өтінім берілген күннен бастап күшін жояды.

Кейіннен жарамсыз деп танылған патент негізінде жасалған лицензиялық шарттар патенттің жарамсыздығы туралы шешім шығарылған кезге орындалған деңгейде күшін сақтайды.

Патентті жарамсыз деп тану өнертабысқа, пайдалы модельге немесе өнеркәсіптік үлгіге патент беру туралы шешімнің күшін жоюды және тиісті мемлекеттік тізілімдегі жазбаның күшін жоюды білдіреді.

2. Қорғау құжатының қолданылуы:

1) бюллетеньде қорғау құжаты қолданылуының мерзімінен бұрын тоқтатылғаны туралы мәліметтер жарияланған күннен бастап уәкілетті органға патент иеленуші берген арыз негізінде мерзімінен бұрын тоқтатылады. Егер қорғау құжаты бір топ өнеркәсіптік меншік объектілеріне берілген болса, ал патент иеленушінің өтініші осы объектілер тобының бір бөлігіне ғана қатысты берілсе, қорғау құжатының күші тек өтініште көрсетілген өнеркәсіптік меншік объектілеріне қатысты ғана тоқтатылады;

2) белгіленген төлем мерзімінің өткен күнінен бастап қорғау құжатын күшінде ұстау үшін белгіленген мерзімде төлем төленбеген жағдайда мерзімнен бұрын тоқтатылады.

3. Сараптама жасау ұйымы бюллетеньде толық немесе ішінара жарамсыз деп танылған, сондай-ақ қолданылуы мерзімінен бұрын тоқтатылған қорғау құжаттары туралы мәліметтер жариялайды.

Ескерту. 30-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2004.07.09. N 586; 07.04.2015 № 300-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 20.06.2018 № 161-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

31-бап. Патенттің қолданылуын қалпына келтіру. Соңынан пайдалану құқығы

1. Осы Заңның 30-бабы 2-тармағының 2) тармақшасында аталған негізде тоқтатылған патенттің қолданылуы, патент иеленушінің өтінішхаты бойынша патентті күшінде ұстап тұру үшін төленетін төлемнің мерзімі өткен күннен бастап үш жыл ішінде, қалпына келтірілуі мүмкін. Қалпына келтіру туралы өтінішхатқа патенттің қолданылуын қалпына келтіруге құжаттарды дайындағаны үшін және төлем мерзімі өтіп кеткен қолданылу кезеңінде оны күшінде ұстап тұру үшін төлемді растайтын құжат қоса беріледі.

Сараптама ұйымы қалпына келтіру туралы өтінішхат берілген күннен бастап екі айдан кешіктірмей патенттің қолданылуын қалпына келтіру туралы мәліметтерді бюллетеньде жариялайды. Жарияланым күні патенттің қолданылуы қалпына келтірілген күн болып табылады.

2. Патенттің қолданылуы тоқтатылған күн мен қалпына келтірілген күн аралығындағы кезеңде Қазақстан Республикасының аумағында патентпен қорғалатын өнеркәсіптік меншік объектісін пайдалана бастаған немесе оған қажетті дайындық жасаған кез келген адам оны одан әрі осындай пайдаланудың көлемін ұлғайтпай, тегін пайдалану құқығын сақтап қалады (соңынан пайдалану құқығы).

Соңынан пайдалану құқығы басқа адамға өнеркәсіптік меншік объектісін пайдалану орын алған немесе оған қажетті дайындық жасалған өндіріспен бірге ғана берілуі мүмкін.

Ескерту. 31-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2004.07.09. N 586; 07.04.2015 № 300-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

7-тарау. Авторлардың, өтініш берушілердің және патент иеленушілердің құқықтарын қорғау

32-бап. Апелляциялық кеңес

1. Апелляциялық кеңес уәкілетті орган жанындағы, өтініш берушілердің қарсылықтарын сотқа дейін қарау жөніндегі алқалы орган болып табылады.

2. Апелляциялық кеңеске сараптама ұйымының өнеркәсіптік меншік объектісіне патент беруден бас тарту туралы шешіміне қарсылық берілуі мүмкін.

Көрсетілген қарсылықтарды сотқа дейін қарау міндетті болып табылады.

3. Апелляциялық кеңестің құрамына өнертабыстарды, пайдалы модельдер мен өнеркәсіптік үлгілерді қорғау саласындағы, ғылым, индустриялық-инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау, денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органдардың, сондай-ақ көрсетілген уәкілетті органдардан қоғамдық кеңестердің өкілдерін қоса алғанда, мүшелердің тақ саны (кемінде бесеуі) кіруге тиіс.

4. Апелляциялық кеңестің құрамына мыналар кіре алмайды:

- 1) патенттік сенім білдірілген өкілдер;
- 2) жұбайлары, жақын туыстары немесе жекжаттары;
- 3) сараптама ұйымының қызметкерлері.

5. Апелляциялық кеңестің кез келген мүшесі:

1) осы баптың 4-тармағының негізінде апелляциялық кеңестің отырысына қатысушылар мәлімдеген өздігінен бас тарту немесе қарсылық білдіру жағдайында;

2) еңбекке уақытша жарамсыздығына, демалыста немесе іссапарда болуына байланысты болмаған жағдайда ауыстырылуы мүмкін.

6. Апелляциялық кеңестің әрбір отырысы уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен бейнетүсіру қолданылып жүргізіледі.

Ескерту. 32-бап жаңа редакцияда - ҚР 20.06.2018 № 161-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

32-1-бап. Қарсылықты апелляциялық кеңесте қараудан бас тарту негіздері

1. Егер:

1) қарсылық Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес апелляциялық кеңесте қаралуға жатпаса;

2) қарсылыққа қол қойылмаса не оған қол қоюға өкілеттігі жоқ тұлға қол қойса;

3) қарсылық белгіленген мерзімді бұза отырып берілсе және көрсетілген мерзімді ұзарту мен қалпына келтіру мүмкіндігі жоқ болса;

4) өтініш беруші қарсылықты беруді рәсімдеуге, мазмұндауға және рәсімдеуге қойылатын талаптарға қатысты кемшіліктерді белгіленген мерзімде жоймаса, қарсылықты қарауға қабылдаудан бас тартылады.

Көрсетілген мән-жайлар болған жағдайда, қарсылық берген тұлғаға алынған қарсылықты қарауға қабылдауға болмайтыны және ол берілген жоқ деп есептелетіні туралы хабарлама жіберіледі.

Қарсылық берген тұлға немесе оның өкілі берілген қарсылықты апелляциялық кеңес алқасының шешімі жарияланғанға дейін қайтарып алуы мүмкін.

Ескерту. Заң 32-1-баппен толықтырылды - ҚР 2012.01.12 № 537-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

32-2-бап. Қарсылықты қарау

1. Қарсылықты қарауды апелляциялық кеңес уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен және осы Заңда көзделген мерзімдерде жүзеге асырады.

2. Қарсылық беруге арналған мерзім өткізіп алынған кезде апелляциялық кеңес ұсынылған құжаттардың негізінде мерзімді өткізіп алу себептері дәлелді деп танылған жағдайда, оны қарауға қабылдай алады.

3. Қарсылықты қарау мерзімі өтініш берушінің жазбаша өтінішхаты бойынша үш айға дейін ұзартылуы мүмкін.

4. Апелляциялық кеңес:

1) қарсылықты мәлімдеуші қарсылықты өзінің қатысуынсыз қарау туралы өтінішхат берген жағдайды қоспағанда, өзі келмеген;

2) өтініш беруші қосымша дәлелдемелерді ұсыну үшін уақыттың қажеттігі туралы өтінішхат берген жағдайда, отырыс өткізілетін күнді ауыстыруға құқылы.

5. Апелляциялық кеңес мынадай шешімдердің бірін шығарады:

1) қарсылықты қанағаттандыру туралы;

2) қарсылықты ішінара қанағаттандыру туралы;

3) қарсылықты қараудан бас тарту туралы;

4) қарсылықты қанағаттандырудан бас тарту туралы.

Апелляциялық кеңес қарсылықтың нысанасын немесе негізін өз бастамасы бойынша өзгертуге құқылы емес.

6. Апелляциялық кеңестің барлық мүшелері қарсылықты қараған кезде тең құқықтарды пайдаланады. Апелляциялық кеңестің шешімі оның мүшелерінің жалпы санының көпшілік даусымен қабылданады.

7. Қабылданған шешім шығарылған күнінен бастап он жұмыс күні ішінде қарсылықты мәлімдеушіге жіберіледі.

8. Апелляциялық кеңес қарсылықты мәлімдеушінің өтінішхаты бойынша қарсылықты қараусыз қалдыра алады. Қарсылықты қараусыз қалдыру туралы шешім апелляциялық кеңес отырысының хаттамасымен ресімделеді.

9. Қабылданған шешімге сотқа шағым жасалуы мүмкін.

Ескерту. Заң 32-2-баппен толықтырылды - ҚР 2012.01.12 № 537-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен; жаңа редакцияда - ҚР 20.06.2018 № 161-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

32-3-бап. Апелляциялық кеңестің шешіміндегі қате жазуларды және айқын техникалық қателерді түзету

1. Шешім шығарған апелляциялық кеңес қарсылық бойынша шешім жарияланғаннан кейін оның күшін жоюға немесе оны өзгертуге құқылы емес.

2. Апелляциялық кеңес шешімде жіберілген қате жазуларды немесе айқын техникалық қателерді өз бастамасы бойынша немесе қарсылықты қарауға қатысатын тұлғалардың өтініші бойынша түзете алады.

Түзетулер енгізу туралы мәселе апелляциялық кеңестің отырысында шешіледі. Қарсылықты қарауға қатысатын тұлғаларға апелляциялық кеңес отырысының уақыты мен орны туралы хабар беріледі, алайда олардың келмеуі түзетулер енгізу туралы мәселені қарау үшін кедергі болып табылмайды.

3. Апелляциялық кеңестің шешіміне түзетулер енгізу апелляциялық кеңестің қосымша шешімімен ресімделеді.

Ескерту. 7-тарау 32-3-баппен толықтырылды - ҚР 20.06.2018 № 161-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

32-4-бап. Қарсылықты қараусыз қалдыру

1. Апелляциялық кеңес, егер:

1) қарсылық берген, апелляциялық кеңес отырысының өткізілетін уақыты мен орны туралы тиісінше хабар берілген, қарсылықты өзі болмағанда қарау туралы мәлімдемеген тұлға апелляциялық кеңестің отырысына екінші рет шақырғанда келмесе ;

2) қарсылық берген тұлғаның өзінің қарсылығын кері қайтарып алу туралы өтінішхаты болса, қарсылықты қараусыз қалдырады.

2. Қарсылықты қараусыз қалдыру туралы шешім апелляциялық кеңес отырысының хаттамасына түсіріледі.

Ескерту. 7-тарау 32-4-баппен толықтырылды - ҚР 20.06.2018 № 161-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

33-бап. Дауларды сот тәртібімен қарау

1. Мынадай даулар:

1) өнеркәсіптік меншік объектісіне авторлық туралы;

2) қорғау құжатының дұрыс берілуі туралы;

2-1) патентті жарамсыз деп тану туралы;

3) патент иеленушіні анықтау туралы;

4) күштеп лицензия беру туралы;

5) патент иеленушінің қорғалатын өнеркәсіптік меншік объектісін пайдалануға айрықша құқығын және басқа да мүліктік құқықтарын бұзушылық туралы;

6) қорғалатын өнеркәсіптік меншік объектісін пайдалануға лицензиялық шарттардың жасалуы мен орындалуы туралы;

7) алдыңғы және соңынан пайдалану құқығы туралы;

8) жұмыс берушінің осы Заңның 10-бабының 4-тармағына сәйкес авторға сыйақы төлеуі туралы;

9) осы Заңда көзделген өтемақыларды төлеу туралы;

10) құқық қорғауға байланысты қорғау құжатынан туындайтын басқа да даулар сот тәртібімен қаралуға тиіс.

Көрсетілген даулар, осы тармақтың бірінші бөлігінің 1), 2), 3), 4), 7) және 10) тармақшаларында көрсетілгендерді қоспағанда, егер бұған "Төрелік туралы" және " Медиация туралы" Қазақстан Республикасының заңдарында тыйым салынбаса, тараптардың келісімі бойынша төрелік немесе медиация тәртібімен қаралуы мүмкін.

1-1. Осы Заңның 32-бабының 2-тармағында көрсетілген сараптама ұйымының шешімдеріне талап қою арыздары тиісті қарсылықтар апелляциялық кеңесте қаралғаннан кейін сотқа беріледі.

2. Сот шешімі негізінде сараптама жасау ұйымы қорғау құжаттарына қатысты өзгерістер туралы мәліметтердің жарияланымын жүргізеді.

Ескерту. 33-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2004.07.09. N 586 Заңымен; 31.10.2015 № 378-V (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі); 20.06.2018 № 161-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 21.01.2019 № 217-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

34-бап. Авторлардың, өтініш берушілердің және патент иеленушілердің құқықтарын бұзғандық үшін жауапкершілік

Авторлықты иемдену, қосалқы автор болуға мәжбүрлеу, өнеркәсіптік меншік объектісінің мәнін ол туралы мәліметтер жарияланғанға дейін автордың немесе өтінім берушінің келісімінсіз жария ету, қорғалатын өнеркәсіптік меншік объектісін заңсыз пайдалану, шет елдерде өнеркәсіптік меншік объектісін патенттеу тәртібін бұзу Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапкершілікке әкеп соғады.

Ескерту. 34-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР-ның 2009.07.10. N 179-IV Заңымен.

8-тарау. Қорытынды ережелер

35-бап. Мемлекеттік баж

Уәкілетті органның патенттік сенім білдірілген өкілдерді аттестаттау және патенттік сенім білдірілген өкіл ретінде тіркеу жөніндегі әрекеттерді жасағаны үшін " Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) сәйкес мемлекеттік баж алынады.

Ескерту. 35-бап жаңа редакцияда - ҚР 20.06.2018 № 161-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

36-бап. Патенттік сенім білдірілген өкілдер

1. Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын, жоғары білімі және кемінде төрт жыл еңбек өтілі бар, аттестаттаудан өткен және патенттік сенім білдірілген өкілдердің тізілімінде тіркелген Қазақстан Республикасының әрекетке қабілетті азаматы патенттік сенім білдірілген өкіл болуға құқылы.

Патенттік сенім білдірілген өкілдердің тізілімінде тіркеу кандидат берілген патенттік сенім білдірілген өкіл куәлігімен расталатын аттестаттаудан өткен кезде жүзеге асырылады.

Патенттік сенім білдірілген өкілдерге кандидаттарды аттестаттау Қазақстан Республикасының зияткерлік меншік объектілерін қорғау саласындағы заңнамасын білуіне тестілеу нысанында жүзеге асырылады.

Патенттік сенім білдірілген өкілдерге кандидаттарды аттестаттаудан өткізу, патенттік сенім білдірілген өкілдердің тізілімінде тіркеу және оған өзгерістер енгізу тәртібін уәкілетті орган айқындайды.

Патенттік сенім білдірілген өкілдердің тізілімі уәкілетті органның интернет-ресурсына орналастырылады.

2. Патенттік сенім білдірілген өкілдерге кандидаттар аттестаттауына:

1) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес кәсіпкерлік қызметпен айналысуға тыйым салынған адамдар;

2) уәкілетті органның және оның ведомстволық бағыныстағы ұйымдарының қызметкерлері, сондай-ақ олардың жақын туыстары, жұбайы (зайыбы) болып табылатын адамдар;

3) қылмыс жасағаны үшін заңда белгіленген тәртіппен өтелмеген немесе алынбаған соттылығы бар адамдар;

4) осы Заңға сәйкес патенттік сенім білдірілген өкілдердің тізілімінен шығарылған адамдар жіберілмейді.

3. Патенттік сенім білдірілген өкілдің қызметі аттестаттау комиссиясының хаттамалық шешімімен:

1) патенттік сенім білдірілген өкілдің аттестаттау комиссиясына берген өтініші негізінде;

2) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес кәсіпкерлік қызметпен айналысуға тыйым салынатын адамдарға, оның ішінде уәкілетті органның және оның ведомстволық бағыныстағы ұйымдарының қызметкерлеріне жатқызу кезеңіне;

3) осы Заңның 36-2-бабы 1-тармағының 2) және 6) тармақшаларында және 5-тармағында көзделген мән-жайларды анықтау мақсатында тоқтатыла тұрады.

Осы тармақтың 3) тармақшасында көрсетілген жағдайда патенттік сенім білдірілген өкілдің қызметі аттестаттау комиссиясы үш ай ішінде тиісті шешім қабылдағанға дейін тоқтатыла тұрады.

Патенттік сенім білдірілген өкілдің қызметін тоқтата тұруға себеп болған негіздер жойылған жағдайда, оның қызметі аттестаттау комиссиясының хаттамалық шешімімен қайта жалғастырылады.

4. Патенттік сенім білдірілген өкіл өтініш берушінің немесе патент иеленушінің өкілі ретінде зияткерлік меншік объектілерін құқықтық қорғау мәселелері бойынша уәкілетті органмен және сараптама жасау ұйымымен іс жүргізуге байланысты қызметті жүзеге асырады. Уәкілетті органмен және сараптама жасау ұйымымен іс жүргізуді өтініш беруші және (немесе) патент иеленуші дербес жүзеге асыра алады.

Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде тұратын жеке тұлғалар немесе шетелдік заңды тұлғалар патенттік сенім білдірілген өкілдер арқылы уәкілетті органда және оның ұйымдарында өтініш беруші, патент иеленуші ретіндегі өздерінің құқықтарын, сондай-ақ мүдделі тұлға ретіндегі құқықтарын жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын, бірақ уақытша одан тыс жерде жүрген жеке тұлғалар Қазақстан Республикасының шегінде хат-хабар алмасу үшін мекенжайын көрсеткен кезде патенттік сенім білдірілген өкілсіз-ақ өтініш беруші, патент иеленуші ретіндегі өздерінің құқықтарын, сондай-ақ мүдделі тұлға ретіндегі құқықтарын жүзеге асыра алады.

5. Патенттік сенім білдірілген өкіл сенім білдірушіден оның тапсырмасын орындауға байланысты алатын ақпарат Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде құпиялы ақпаратқа немесе өзге де заңмен қорғалатын құпияға қойылатын талаптарды сақтаған кезде құпиялы болып танылады.

Ескерту. 36-бап жаңа редакцияда - ҚР 2012.01.12 № 537-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен; өзгеріс енгізілді - ҚР 20.06.2018 № 161-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

36-1-бап. Патенттік сенім білдірілген өкілдің құқықтары мен міндеттері

1. Патенттік сенім білдірілген өкіл өтініш берушінің (жеке немесе заңды тұлғаның), өзімен еңбек шартын жасасқан жұмыс берушінің немесе өзімен немесе өзінің жұмыс берушісімен азаматтық-құқықтық шарт жасасқан тұлғаның мүддесінде мынадай қызмет түрлерін:

1) зияткерлік меншік құқықтарын қорғау, зияткерлік меншік құқықтарын иелену немесе беру мәселелері бойынша консультация беру;

2) тапсырыс берушінің, сенім білдірушінің, жұмыс берушінің атынан және тапсырмасы бойынша өнертабыстарға, пайдалы модельдерге және өнеркәсіптік үлгілерге өтінімдерді ресімдеу және жасау жөніндегі жұмыстарды жүзеге асыру;

3) өнертабыстарға, пайдалы модельдерге және өнеркәсіптік үлгілерге құқықтарды қорғау мәселелері бойынша уәкілетті органмен және (немесе) сараптама ұйымымен өзара іс-қимыл жасау, оның ішінде хат-хабар алмасуды жүргізу, сараптама қорытындыларына қарсылықтарды дайындау және жолдау, сараптама жасау ұйымы жанындағы сараптама кеңесінің отырыстарына қатысу;

4) басқаға беру шарттарын, лицензиялық (қосалқы лицензиялық) шарттарды және оларға қосымша келісімдерді жасауға, қарауға және кейіннен сараптамаға беруге жәрдемдесу қызметін жүзеге асыруға құқылы.

2. Патенттік сенім білдірілген өкілдің өкілеттігі сенімхатпен куәландырылады.

3. Өнертабыстарға, пайдалы модельдерге және өнеркәсіптік үлгілерге өтінімдер берумен және (немесе) қорғау құжаттарын алумен, сондай-ақ апелляциялық кеңеске қарсылықтар берумен байланысты істерді жүргізуге патенттік сенім білдірілген өкіл сенімхаттың көшірмесін сараптама ұйымына және уәкілетті органға ұсынады.

Егер сенімхат шетел тілінде жасалса, онда міндетті түрде оның нотариус куәландырған қазақ және орыс тілдеріндегі аудармасы ұсынылуға тиіс.

4. Егер патенттік сенім білдірілген өкіл осы іс бойынша мүдделері іс жүргізу туралы өтініш жасаған тұлғаның мүдделеріне қайшы келетін тұлғалардың атынан өкілдік етсе немесе оларға консультация берсе немесе оны қарауға өзгеше қатысса, сондай-ақ, егер істі қарауға патенттік сенім білдірілген өкілдің жақын туысы, жұбайы (зайыбы) және (немесе) оның жақын туысы болып табылатын лауазымды адам қатысса, ол тапсырманы қабылдамауға міндетті.

Ескерту. Заң 36-1-баппен толықтырылды - ҚР 2012.01.12 № 537-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен; өзгеріс енгізілді - ҚР 07.04.2015 № 300-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

36-2-бап. Патенттік сенім білдірілген өкілдің куәлігін жарамсыз деп тану және патенттік сенім білдірілген өкілдердің тізіліміндегі мәліметтердің күшін жою

Ескерту. 36-2-баптың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР 20.06.2018 № 161-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

1. Патенттік сенім білдірілген өкіл аттестаттау комиссиясының шешімімен:
 - 1) өзінің аттестаттау комиссиясына берген өтініші негізінде;
 - 2) Қазақстан Республикасының азаматтығы тоқтатылған кезде немесе Қазақстан Республикасынан тыс тұрақты тұрғылықты жерге кеткен кезде;
 - 3) патенттік сенім білдірілген өкілдің кәсіптік қызметінде бес жылдан астам үзіліс болған жағдайда;
 - 4) патенттік сенім білдірілген өкіл қылмыс жасағаны үшін сотталып, соттың айыптау үкімі күшіне енген кезде;
 - 5) патенттік сенім білдірілген өкіл қайтыс болған немесе хабар-ошарсыз кеткен деп танылған не ол қайтыс болды деп жарияланған жағдайда;
 - 6) патенттік сенім білдірілген өкіл әрекетке қабілетсіз немесе оның әрекетке қабілеті шектеулі деп танылған жағдайда патенттік сенім білдірілген өкілдердің тізілімінен шығарылады.

2. Аттестаттау комиссиясының шешімі немесе соттың заңды күшіне енген шешімі негізінде патенттік сенім білдірілген өкілдің куәлігі жарамсыз деп танылады және күшін жою туралы тиісті мәліметтер патенттік сенім білдірілген өкілдердің тізіліміне енгізіледі.

3. Алып тасталды - ҚР 20.06.2018 № 161-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

4. Патенттік сенім білдірілген өкілдердің тізілімінен шығарылған патенттік сенім білдірілген өкіл, бұл туралы мәліметтер енгізілген күннен бастап патенттік сенім білдірілген өкілдің қызметін жүзеге асыру құқығынан айырылады, ал оны патенттік сенім білдірілген өкіл ретінде тіркеу туралы куәлік қайтарып алынады не оның күші жойылады.

5. Уәкілетті орган патенттік сенім білдірілген өкілдің әрекетіне жеке немесе заңды тұлғаның шағымы келіп түскен жағдайда, уәкілетті орган қызметкерлерінің тақ санынан тұратын апелляциялық комиссияны құрады. Апелляциялық комиссия келіп түскен шағымды қараған кезеңде патенттік сенім білдірілген өкіл куәлігінің қолданысы тоқтатыла тұрады, бұл туралы патенттік сенім білдірілген өкілдердің тізілімінде белгі жасалады.

Шағымды қарау нәтижелері бойынша апелляциялық комиссия мынадай шешімдердің бірін қабылдайды:

1) уәкілетті органға патенттік сенім білдірілген өкіл куәлігінің қолданысын тоқтату туралы талап қою арызын сотқа жіберуге ұсыным жасау;

2) шағымды қанағаттандырудан бас тарту.

Апелляциялық комиссияның шешімі жай көпшілік дауыспен қабылданады және хаттамамен ресімделеді. Апелляциялық комиссияның шешіміне сотқа шағым жасалуы мүмкін.

Ескерту. Заң 36-2-баппен толықтырылды - ҚР 2012.01.12 № 537-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен; өзгеріс енгізілді - ҚР 20.06.2018 № 161-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

37-бап. Өнеркәсіптік меншік объектілерін халықаралық тіркеу

Өнеркәсіптік меншік объектілерін халықаралық тіркеу сараптама ұйымына өтінім беру жолымен жүзеге асырылады.

Өтінімдерді қарау қағидаларын уәкілетті орган Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарға сәйкес бекітеді.

Ескерту. 37-бап жаңа редакцияда - ҚР 20.06.2018 № 161-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

38-бап. Шет елдік жеке және заңды тұлғалар мен азаматтығы жоқ адамдардың құқықтары

1. Шетелдік жеке және заңды тұлғалар осы Заңда көзделген құқықтарды Қазақстан Республикасы қатысушысы болып табылатын халықаралық шарттарға орай немесе өзара түсіністік принциптері негізінде Қазақстан Республикасының жеке және заңды тұлғаларымен тең пайдаланады.

2. Қазақстан Республикасында тұратын азаматтығы жоқ адамдар осы Заңда және өнеркәсіптік меншік объектілерін құқықтық қорғауға жататын өзге де актілерде көзделген құқықтарды, егер осы Заңнан өзгеше туындамаса, Қазақстан Республикасының жеке және заңды тұлғаларымен тең пайдаланады.

Ескерту. 38-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 20.06.2018 № 161-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК